

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УЎЗІРЛІГІ**

**ЎЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

**Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының
4 курс студенті**

Дошымбетов Саламаттың

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: «5-8-сыныптарда туысқан халықтар
әдебиетін оқытудың тиімділігі»**

Ғылыми жетекші:

Ғ. Мамбеткаримов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. Ш.Құдырова.

Нөкіс-2013

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 2013-жыл _____ дағы
мәжілістің _____ санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі: _____ Ш.Құдырова.

Ғылыми жетекші: _____ Ғ. Мамбеткаримов

Дошымбетов Саламаттың «5-8-сыныптарда туысқан халықтар
әдебиетін оқытудың тиімділігі» деген тақырыптағы бітіру-мамандық
жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қаулысымен «_____» бағасы
қойылсын.

_____ 2013 ж.

Комиссия хаткері:

Ы. Құттымұратова

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....4-5

Кіріспе.....6-10

I ТАРАУ

5-6 сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқыту
әдістемесі11-39

II ТАРАУ

7-8 сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқыту
әдістемесі40-57

Қорытынды.....58-60

Пайдаланғын әдебиеттер.....61

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде туысқан түркі тілдес халықтар әдебиеті үлгілерін оқытуға мектеп бағдарламасында қазіргідей көңіл бөлінбеген болатын. Қазіргі таңда түркі тілдес халықтар әдебиетімен, оның ұлттық классиктерінің өмірі мен шығармашылығын өту жақсы жолға қойылған. Сондықтан түркі тектес халықтардың ұлттық еркшеліктері, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпын сәулелендірген шығармаларды өту бүгінгі күннің талабы. Бұл біз таңдаған тақырыптың көкейтестілігінен дәлел берсе керек.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттер: Әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту, әдеби шығарманың тәрбиелік мәнін тиімді пайдалану, шәкірттерді өз бетімен көркем шығарманы оқуға қызығушылығын қалыптастырып, өз тарапынан ойланып-толғануға тәрбиелеу, таным әдісін үйрету - әдебиетті мектепте оқыту әдістемесінің алдына қояр мақсаты. Осы тұрғыдан біз тусқан халықтардың ұлттық еркшеліктері мен тұрмыс-салты дәстүрлері сәулеленген шығармаларды қазақ әдебиетімен байланысты қарастыруды мақсат еттік.

Зерттеу методикасы, әдістері: Мамандық жұмысын жазу барысында біз салыстырмалы әдісті қолдана отырып, туысқан халықтар әдебиеті үлгілерінің көркемдігін зерттеуде негізінен ғылыми әдісті пайдаланып, орта мектеп оқулықтарына енген шығармалардан нақтылы мысалдар үлгісінде анализдедік. Кейбір шығармалардың танымдық-тәрбиелік маңызын көрсетіп, бір сағаттық тәрбие сабағының әдістемелік үлгісін ұсындық.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Туысқан халықтар әдебиеті жайлы қазақ әдебиеттануында біршама ғылыми

еңбектер, зерттеулер баршылық, бірақ оны орта мектепте оқыту мәселесі тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері қарай қолға алынған тың тақырып десек қателеспейміз. Оны әдебиетші ғалымдар пікіріне сүйене отырып ғылыми баға беруді зерттеу барысында сөз еттік. Жалпы туысқан халықтар әдебиетіне ғылыми – методикалық зерттеу жасап жақсы нәтижеге ерістік деген ойдамыз.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:
Туысқан халықтар әдебиеті туралы зерттелген біздің жұмысымыздағы тұжырымды ой-пікірлерді басшылыққа ала отырып, жалпы білім беретін мектептерде өтілетін қазақ әдебиеті сабағында ертеңгі болашақ ұстаздар практикалық жақтан пайдалануға болады деген ойдамыз.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе бөлім, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен өзге негізгі бөлімнің үлкен екі тараудан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердің библиографиясы жасалып, зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

Ғылыми басшы:_____ ***Матякунов С.***

Студент:_____ ***Дошымбетов С.***

КІРІСПЕ

Президентіміз И. А. Каримов тәрбиеші ұстаз алдына мемлекетіміз бен қоғамымыз қойған талапты төмендегіше баяндап берген болатын: «Тәрбиеші-ұстаз болу үшін басқалардың ақыл-ойын дамыту, ағартушылық нұрын шашып, нағыз азамат қылып жетілістіру үшін ең әуелі тәрбиешінің өзі тап сондай талапты оқушыларға жауап беруі, дәл сондай ұлы парасатқа ие болуы керек» (1, 3 б.).

Әдебиет пәні – шәкірттерді әдеби білім дағдыларын жетілдіретін, адамгершілікке, әсемдікті сүйе, түсіне білуге тәрбиелейтін оқулық. Сондай-ақ бұл оқулық өмірді, қоғамдық құбылыстарды, сол қоғамда жасаушы адамдар мінезіндегі, іс-әрекетіндегі ерекшеліктерді, қайшылықтарды түсінуге көмектеседі. Себебі көркем әдебиет адам мінезін, оның дүниеге көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтін, өзгерте алатын қуатты құрал. Сонымен бірге әдебиет қазақ тілін үйренуге, оны жетік білуге баулиды. Дәлірек айтсақ, оқушының сөйлеу, жазу тілін ширатады. Оқулықтың осы сияқты білімдік, тәрбиелік мүмкіндіктері мұғалім алдына жаңа, өскелең міндеттер жүктейді. Олай болса мұғалім көркем мәтінді жетік біліп, жұмысының мазмұны мен түрін айқын ұғынуға тиісті. Ол үшін қажырлы еңбек, табанды ізденістер қажет. Осыған орай, мұғалімдер қызығы да, қиындығы да мол жұмыстарында қазақ әдебиетіне қатысты материалдарды көп оқып, машықтануы керек. Еліміз өз тәуелсіздігін иелеп, ұлттық санада үлкен өзгерістер байқалып жатқан қазіргі дәуірде әдебиет пәнінің танымдық, тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылмақта. Өйткені қай дәуірде де жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде олардың дүниеге көзқарасын қалыптастырып, сана сезімін дамытатын пәндер арасында әдебиет пәнінің теңдесі жоқ, әрине. Бұл қашаннан белгілі ақиқат.

Біздің елімізде халыққа білім беру, әсіресе, жас ұрпақты сауатты, зерделі, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеп жетілдіру бағытында көптеген істер жүйелі түрде амалға асырылмақта. Мұның нақты мысалы ретінде еліміздің барлық облыстары мен аудандарында, қалалары мен ауылдарында сән түзеген мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, лицейлер мен колледждер ғимараттары. Бұл білім ошақтарында еліміздің ертеңі болған жас ұрпақ жүйелі түрде, жан-жақты білім алып, маңызды да мағыналы тәрбиеге ие болып шығатыны сөзсіз.

Еліміздегі халыққа білім беру жүйесінің жаңадан реформалануы да еліміздің ертеңі болған жас ұрпақ жүйелі түрде, жан-жақты білім-тәрбие алуы үшін негізделген.

Біз мамандық жұмысымыздың басты зерттеу нысаны етіп «5-8 сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқытудың тиімділігі» атты тақырыпты алып отырмыз. Егемендік алғанға дейінгі кезеңде туысқан түркі тілдес халықтар әдебиеті үлгілерін оқытуға мектеп бағдарламасында қазіргідей көңіл бөлініп, назар аударылмаған болатын. Тек кейбір туысқан халықтар әдебиетінің шығармаларына, көбінесе төменгі сыныптарда ғана орын беріліп, олар да жүйелі түрде үйренілмейтін. Онда да көбінесе, орыс әдебиетінен алынатын.

Туысқан халықтар әдебиетінің маржан үлгілерімен мектеп оқушыларын жүйелі түрде таныстырып барудың танымдық та, тәрбиелік те маңызы зор. Осыған орай біздің қазіргі мектеп бағдарламасында да, оқулықтар мен хрестоматияларда да бұл мәселеге жетерлі көңіл бөлінген деуге болады. Туысқан халықтар дегенде, әсіресе, түркі тілдес халықтар әдебиетімен, оның ұлттық классиктерінің шығармашылығы және өмірбаянымен таныстыру мәселесі қазір жақсы жолға қойылған.

Бірақ әліге дейін туысқан халықтар әдебиетін мектепте қалай оқытамыз, қандай әдістемелік жүйеден пайдаланамыз, төл әдебиет

туындыларын оқытудан мұның методикалық өзгешеліктері қандай деген мәселелерге тиісті дәрежеде көңіл аударылмай келеді. Әрине, қазақ ақын-жазушыларының төл шығармаларын оқытудан туысқан түркі тектес халықтар әдебиетінің туындыларын оқытудың белгілі дәрежеде айырмашылықтары болары сөзсіз ақиқат. Бұған оқытушы мұғалім ерекше назар аударып, жан-жақты дайындықпен жандасуы қажет.

Біз бітіру мамандық жұмысымыздың тақырыбын осындай ізденулер мен машықтануды талап ететін туысқан түркі тектес халықтар әдебиетінің туындыларын оқыту мәселесін таңдадық. Әрине, оқыту мұғалімнің күнделікті тұрмысында толастамайтын, білген сайын білуді, машықтанған сайын машықтануды талап ететін кең ауқымды мәселе. Оның үстіне оқулықпен жұмыс алып бару мұғалімнің әдіскерлік шеберлігін шыңдай түсетін, іс-тәжірибесін арттыратын қажетті машық.

Біз өзіміздің мамандық жұмысымыздың тақырыбы етіп «5-8 сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқытудың тиімділігі» деген мәселені алып отырмыз. Әліге дейін мектептерде бұл тақырыпты оқытудың методикасы жасалған жоқ, тіпті бұл мәселеге арналған жекелеген мақалалар да аз. Сондықтан да туысқан халықтар әдебиеті үлгілерін қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын қалай оқытсақ, қандай әдіс-тәсілдер қолдансақ, сол дағдымен оқытып келеміз. Мұның, әрине, тиімсіз жақтары мен өзіндік ерекшеліктері де бар. Атап айтқанда:

Біріншіден, туысқан халықтар әдебиеті қазақ халқының өмірін көрсетуге арналмайды. Олардың суреттейтін оқиғасы өзге ұлт өмірінен алынады, өзге халықтардың тарихы мен тұрмысы бейнеленеді.

Екіншіден, әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктері, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы алдымен оның әдебиетінде көрініс табады.

Үшіншіден, тілі басқа, жасаған ортасыбасқ ұлт өкілдерінің наным-сенімдерінде елеулі айырмашылықтар бар.

Төртіншіден, оқушылар туысқан халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігімен оншалықты таныс емес, тек әдебиет туындысын оқу арқылы ғана танысуы мүмкін.

Осындай өзгешеліктердің бәрін де туысқан халықтар әдебиетін өту барысында оқытушы ескергені жөн.

Туысқан халықтар әдебиетін оқытқанда, өзге халық, оның тұрмысымен бірге сол ақын-жазушылары жасаған заман, дәуір туралы түсінік бермей болмайды. Бұл туралы методист-ғалым, профессор Әуелбек Қоңыратбаев былай дейді: «Әрбір көркем шығарма белгілі бір дәуірдің көркем шындығын суреттейді. Бірақ ақын-жазушы сол өмір шындығын әлеуметтік проблема қатарына көтеріп, өз заманының аса ділгір мәселелерін толғайды. Өмір көрінісінің кейбір фактілерін батыл сынап жазса, енді бірқатарына ниеттестік білдіреді. Сөйтіп әрбір шығармада, бір жағынан сол кезеңдегі қоғам өмірінің объективті суреті болса, екінші жағынан сол фактілер, көріністер, проблемалар ақынның өзіндік көзқарасы, түсінігі, идеясы, арманы тұрғысынан **беріледі» (7-19)**. Бұл айтылғандардың әсіресе, туысқан түркі тілдес халықтардың әдебиетін оқытуда толық қатынасы бар.

Біз туысқан халықтары әдебиетін оқыту арқылы алдымен оқушыларды сол халықтардың тұрмысымен, әдет-ғұрпымен, ұлттық ерекшеліктерімен таныстыруды мақсат етеміз. Мысалы, Қырғыз халқының «Манас» дастанын оқыту арқылы сонау орта ғасырлардағы түркі халықтары, оның ішінде қырғыз халқының өмірімен, сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен тереңірек таныстыруға жол ашылса, қарақалпақ халқының «Қырық қыз» дастанын өткенде, қарақалпақ халқының XVIII ғасырдағы өмірімен таныстырамыз. Мқтымқұлы шығармаларын оқытқанда да негізінен осындай мақсат көзделеді.

Біздің мамандық жұмысымыз негізінен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде туысқан халықтар әдебиеті – түркі халықтарының ортақ мұрасы екендігін жүйелі түрде сөз болып 5-6 сынып бағдарламасы бойынша оқулыққа енгізілген туысқан халықтар әдебиеті үлгілерін оқып үйрену мәселесі қарастырылады. Бұл жүйе-әдебиеттік оқу сабақтарында жүзеге асатын болғандықтан, туыстас халықтар әдебиеті туындыларынан берілген бірнеше шығармаларды оқыту жайындағы пікірлеріміз ортаға салынады. Ал екінші тарауда осы бағыттағы 7-8 сынып оқулықтарындағы туысқан халықтар әдебиеті үлгілерін оқып үйрену мәселесін қарастыруға негізделген.

Сонымен бір қатарда, жұмыстың кіріспесіндегі айтылып өтілген мақсат пен міндеттер негізгі бөлімде жан-жақты әдістемелік үлгіде қарастырылып, тақырып бойынша зерттеулерге шолу жасалып, мамандық жұмысымыздың қорытындысында жалпы мамандық жұмысында анықталған мәселелер мен тұжырымдарымыз сарапталып, пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілді.

I ТАРАУ

5-6 сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқытудың тиімді жолдары

Туысқан түркі халықтар әдебиеті – Орта Азия мен Қазақстанда жасаушы халықтардың көне замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін жасаған көркем әдебиет туындыларын қамтиды. Туысқан түркі халықтарының құрылуына негіз болған этникалық процестер-түп тамыры ежелгі заманнан, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, таптық қатынастар туа бастаған заманнан басталғаны тарихтан мәлім. Бертін келе туысқан түркі халықтарының құрылуына негіз болған ру тайпалар көне замандардан-ақ қазіргі Қазақтанды, Орта Азияны, оңтүстік-шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойы мен Каспий жағалауларын мекен етті. Туысқан түркі халықтарын ру-тайпалар-кезінде өзбек, қырғыз, азербайжан, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, хақас, башқұрт, татар халықтарының этникалық құрамына енген ру-тайпалар болып есептеледі.

Шындығында да қазақ, өзбек, қырғыз, азербайжан, түрікмен, қарақалпақ, ұйғыр, татар ұлттық қауымдары этникалық тұрғыдан әбден қалыптасып, әрқайсысы жеке-жеке халық ретінде бөлініп шыққанға дейін яғни ру-ұлыстық дәуірде бірге араласып, қатнасып жүргені мәлім. Түркі тектес тайпалардың сол кезде жасаған мәдени, әдеби мұралары осы халықтардың бәріне бірдей ортақ, бәріне бірдей тарихи, әдеби қазына болып табылады.

Аталған халықтарды құраған негізгі рулардың бірі аз, бірі көп мөлшерде қатысуы мүмкін. Соған сәйкес көне түркі мәдениеті үлгілерінің кейбіреулерінің тілі қазіргі ұйғыр тіліне, енді бірі азербайжан тіліне, енді бірі қазақ тіліне жақынырақ келеді. Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Каспий, Төменгі Еділ жағалауында ежелден өмір сүріп келген түркі халықтарының құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан

айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар кіреді. Әдеби тілі-қыпшақ-оғыз диалектісіндегі орта ғасырлық түркі тілі болып, осы тілде шығарма-дастан, шежірелер жазылады.

Осынау көне тарихтан өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған түркі тектес халықтар әдебиеті Орта Азия мен Қазақстанда жасаушы көптеген ұлттардың ортақ қазынасы, ортақ әдеби мұрасы болып есептеледі. Себебі бұл халықтардың әдеби мұраларында ғасырларға созылған мұраттастық, мол үндестік аңғарылады. Сондықтан да, қазіргі қазақ оқушыларына туысқан өзбек, қырғыз, қарақалпақ т.б. туысқан халықтар әдебиетінің бірсыпыра белгілі, белес шығармалары өз ана тілінде жазылғандай таныс. Туысқан халықтар әдебиеті туындыларын түпнұсқадан оқып түсінетіндер де баршылық. Осындай тарихи сабақтастыққа толы туысқан халықтар әдебиетін мектепте оқыту танымдық, тәрбиелік маңызға ие. Осыған орай біздің қазіргі мектеп оқулықтарында бұл мәселеге жетерлі көңіл бөлініп, туысқан халықтар әдебиетімен, оның ұлттық классиктерінің шығармашылығы және өмірбаянымен таныстыру жолға қойылған.

Жалпы білім беретін мектептерде жоғары білімге ие қабылетті, келешекте кәсіптік, өмірлік проблемалар мен мәселелерді шешуде еркін пікір жүргізе алатын, жаңа техникаларға, қолғанат қондырғыларға (оргтехника), технологиялық жаңалықтарға тез түсініп, игеріп кете алатын нағыз мамандарды дайындауда білімдендіру процесіне қазіргі заманның жетік әдістерін пайдалану қажет.

Әдебиет пәні оқытушысы осындай заман талабына сай маман болып қалыптасуына бір ғана білімділігі жеткіліксіз, оған қосымша оқытушыда әдіскерлік талант, өз кәсібіне деген сүйіспеншілік, күнделікті практика қажет. Әдеби шығармаларды өткенде оқытушы күнделікті

практикасында сабақ өтудің жол-жобасын алдын ала ойластырып, жоспарлап, сабағын жүйелі түрде өтсе, оның нәтижесі де жемісті болады. Өйткені әдебиет пәні – қоғамтанудың басты құралдарының бірі. Оқушы әрбір шығарманың өзінен ұғым, нәр, ләззат ала білсе ғана оның жан дүниесі кең, жан-жақты азамат болып өсері анық. Осы тұрғыдан келер болсақ, 5 - сыныптан бастап оқытылатын әдебиеттік оқу курсының мәні де, маңызы да үлкен.

Орта мектепте әдебиет пәнін оқытудың мәні мен мақсатына келер болсақ, оларды қысқаша былай жүйелеуге болар еді: шығарманы келістіріп және түсініп оқуға баулу; шығарманың тақырыбы туралы ой жүгірту; шығармадағы кейіпкерлерді айыра және бағалай білу. Әдебиеттік оқудың басты формалары мен методтарына келетін болсақ: кіріспе жұмысы; оқытушының кіріспе сөзі; оқушыларды әңгімеге даярлау; шығармада суреттелетін кезеңдегі тарихи жағдай туралы мәлімет беру; шығарманың пайда болуы, жазылуы туралы айту; ақын-жазушының өмір хақындағы мәлімет т.б. болып табылады.

5 - сыныпта «Туысқан халықтар әдебиеті» Айдары менен өзбек халқының аса көрнекті көркем сөз шебері – Айбектің «Балалық» повесінен «Қыр елінде» атты үзіндісі, өзбек ақыны Ғафур Ғуламның «Қазақ елінің ұлы тойы» өлеңі, әлемге әйгілі прозашы Шыңғыс Айтматовтың «Ерте келген тырналар» повесінен «Бақытқа кенелген шақ» атты үзіндісі, Өзбекстан халық ақыны, Өзбекстан халық қаһарманы Абдулла Ариповтың «Қазақтар», «Ақын», «Көп болды ғой!..», «Күзгі көрініс» атты өлеңдері берілген.

Алдымен өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Айбектің өмірі мен шығармашылық жолы бойынша оқулықта берілген деректер негізінде кіріспе сабақ өтілуі керек. Оның үлгісі кітапта берілген де;

Айбек - поэзия, проза жанрларында өндірте қалам тебіреніп, өзбек әдебиетін дамытуға мол үлес қосқан, шынайы талант иесі. Айбек - жазушының

жұртшылық арасында кең тарап кеткен лақап аты. Ал оның өз есімі – Мұса Ташмұхаммедұлы. Ол 1905 жылдың 10 қаңтарында Ташкент қаласында, тігінші жанұясында дүниеге келеді. Жас кезінен-ақ әкесіне қолғабыс тигізе жүріп, ескі мұсылман мектебінде оқып, өз сауатын ашады. Әрі, атасы Ташмұхаммедпен бірге, қазақ аулына жиі-жиі барып, ол елдің өмірін, тірлік-тыныстарын өз көзімен көреді. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты, Қазығұрт бөктерін мекендеген қазақтар арасында бірнеше рет болған Айбек, қазақ ақындарының ән-күйі, термелерін есітіп, қисса-дастандарын тыңдайды. Той-жиындарына қатысып, ондағы қыз-жігіттердің айтыстарында болып, жүзік салды ойындарын өз көзімен көреді. Міне, бұлар оның шығармаларына өрісті өзек, арналы арқау болады. Оны ақынның 1933 жылы жазған «Бақтыгүл мен Сағындық» атты поэмасымен 1963 жылы бастырып шығарған «Балалық» повесінен анық аңғару мүмкін. Нәтижеде, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ ақын-жазушыларының сыйласы да сырласы бола білді. Әсіресе, оның Мұхтар Әуезовтай дархан дарын, ғұлама ғалыммен болған достық байланысы, қарым-қатынасы, екі ел әдебиетінде үлкен орын иелейді.

Сондықтан-да Айбек өз шығармаларында өзбек халқының өмірін, тірлік-тыныстарын кең сипаттаумен бірге, қазақ өміріне де батыл барып, екі халық достығын «Достығымыз мәңгілік» сияқты т.б. өлеңдерінде емірене жырлады.

Солай екен, сіздермен қаламгердің «Балалық» повесінен «Қыр елінде» атты бөлімінен үзінді оқимыз. Онда қаламгердің туысқан халқына деген ыстық ықыласымен туысқандық сезімі анық аңғарылады.

Осы кіріспе сабағынан соң мұғалім үзіндінің негізгі мәтініне назар аударып, оны өз сөзімен түсіндіріп, қажет жерін оқушыларға мәнерлеп оқып бергені мақұл. Шығарманың мәтіні бойынша оқытушы: Үзіндіде қазақ ауылы қалай сипатталған? Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне бала Мұса қалай қарайды? деген сияқты сұрақтарға оқушылардан жауап алып, үзіндідегі

қазақ ауылы сипатталған мәтінді оқушылардың өздеріне тапқызып, оны мәнерлеп оқытып сабақты бекітсе әңгіме мазмұны оқушылар жадында жақсы сақталады. Мысалы:

Үзіндіде қазақ ауылы қалай сипатталған? –деге сұраққа оқулықтан:

«Қуанышым қойныма сыймады. Қыр, дала, таулы жер бірден көз алдыма келді. Әсіресе, ондағы қазақ ауылын, атан түйелерді, шашасына шаң жұқпас жүйріктерді көргендей боламын.

...Екі күндей жол азабын тартып, кешке қарай Жаңабазарға жеттік-ау әйтеуір. Өзі кең, өзі шаң, кең алаңға ма, әлде көшеге ме, әйтеуір бір шеті сонау кең далаға тірелсе, екінші бір шеті сырты балшықпен сыланып тасталған қамыс дүкенге тіреледі», - деген жас Айбектің қуныш сезімін суреттейтін мәтін сөздерін оқушыларға туып оқыту керек.

Сонымен бірге, 5 - сыныптың әдебиет оқулығында берілген және бір прозалық шығарма Шыңғыс Айтматов қаламына тиісті «Ерте келген тырналар» повесінен үзінді.

Бүкіл әлем таныған, әрі туысқан түркі тілдес халықтарға атағы кеңінен мәлім қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовты метеп оқушылары да жақсы біледі, оның атына, шығармаларының да көпшілігіне мектеп балалары таныс. Шыңғыстың әңгіме, повестері бойынша бірнеше көркем фильмдер түсірілген. Сонын бірі «Ақ кеме» повесі негізінде түсірілген көркем фильмді көрмеген бала жоқ болуы да мүмкін. Себебі көркем шығарма да, көркем фильм де баланың түсінігі мен дүниетанымы, көзқарасы айналасында алынған және мектеп жасындағы балалар өмірінен алынған оқиға болғандықтан «Ақ кеме» көркем фильмі балалардың есінен шықпайтын, жақсы көретін киносына айналған. Негізінен балалар өзі қатарлы теңдесі, құрбысы қатынасқан шығармалады жақсы есте сақтайды. Себебі балаларға арналған шығармалардың идеялық – көркемдік жағынан

болсын, тағырыптық–тәрбиелік жағынан болсын мынадай басты – басты алты ерекшелігі бар:

Біріншіден, балалар психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем бейненің нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой–санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жарқын болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыруы шарт.

Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар оқиғадан оқиғаның туып отыруына, олардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінезінің жан–жақты дамуына қызығады. Одан осы оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсініп қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері балалардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет - эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі.

Ал көркемдікке тәрбиелеу–баланың ақыл–есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады.

Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рахаттанып, рухани ләззат алуын көздейді.

Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны, идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға себепкер болуға тиісті. Оларды еңбекке, ғылымға, әртүрлі мамандыққа

еліктіріп, үлкен істерді орындауға дайындай білуі, соған әуестендіруі керек.

Алтыншыдан, балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл әрі көркем, қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден – бір құрал.

Міне, осы балаларға арналған шығармаларға қойылатын алты талаптың қай-қайсысына да Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесі жауап бере алады.

Сонымен бірге, Шыңғыс Айтматов шығармашылығы қазақ оқырмандары үшін өте жақын да, таныс та. Оның кейіпкерлерінің де бірқатары қырғыздармен бірге қазақтар болып келеді. Жазушы бірқатар туындыларын қазақ жерінің топырағынан, қазақ халқының тұрмысынан алып жазады. Тағы бір ерекшелігі – Шыңғыс Айтматов шығармалары балаларға да қатысты тақырыптарды қамтиды.

Ш.Айтматовтың 5 - сыныпта өтілетін «Ерте келген тырналар» повесінен алынған «Бақытқа кенелген шақ» атты үзіндісін мектеп оқушыларына үйрету барысында әңгіме жанрының басты ерекшеліктерін ескеріп түсіндіруіміз қажет. Яғни әңгімені оқыту барысында оның мынандай жанрлық ерекшеліктерін ескерген жөн:

1. Әңгіме бір не екі адамның төңірегіндегі оқиғаны баяндауға құрылған шағын көлемді қара сөзбен жазылатындығы.

2. Әңгіме оқиғасы бір, көп дегенде, екі-үш эпизодтан тұратындығы.

3. Әңгіменің негізінен баяндауға құрылатындығы, бірақ ондағы кейіпкердің кескін- келбеті, оны қоршаған орта, табиғат көрінісі суреттеу тәсілімен берілетіні.

4. Әңгімеде баяндау, суреттеуге қоса кейіпкерлер сөзі –диалог аралас жүреді.

5. Әңгімеде адамдардың кескін-келбеті, табиғаты, қоршаған ортаны суреттеудің, кейіпкердің сөзін беру жазушыға қаншалықты қажет деп сұрақ қойып, олардың шығарма мазмұны мен идеясы үшін қажетті деталь екендігі түсіндіріледі. Өйткені олардың оқу сапасын арттыруға, сондай суреттерге мән бере оқуға септігі мол.

6. Әңгімеде кейіпкер көп болмағанымен негізгі кейіпкердің іс-әрекеттерін толықтырып, ұшқырлап, нақтылай түсетін екінші қатардағы кейіпкерлердің де болатындығы. Оқушы назарын осындай мәселелерге дер кезінде аударып отыру арқылы мұғалім көркем шығармадағы қосалқы көрініс, суреттердің туынды қажетіне жарап тұрғандығын ұғындырады.

Әңгіменің осы бір белгілерін әр туындының тұйында қайталап, еске салып отырудың пайдасы зор. Ондайда оқушының жадында әңгіме, біріншіден, әдеби-теориялық ұғым есебінде қалыптасса, екіншіден, сол жанр құрамындағы сурет элементтерін мәтіннен қызығушылықпен тауып, дұрыс оқуға көмегін тигізеді. Осындай әңгіме жанрының өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, Ш.Айтматов шығармасының оқушыларға өмір танытуда, олардың эстетикалық талғамын ұштауда өнеге болар туынды екенін жан-жақты түсіндіру абзал.

Оқулықта: Қырғыз әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі - Шыңғыс Айтматов.

Ол әдебиет майданына 20-ғасырдың орта шенінде кіріп келеді де, өзінің кең тынысты, кемел суреткер екендігін жан-жақты аңғартып, әлемдік деңгейге көтерілді.

Бүгінгі таңда оның шығармалары әлем оқырмандары арасында кеңінен танымал болғандығы сонша, оны жұртшылық «Әлемнің Айтматовы» дейді.

Жазушы өзінің «Алғашқы ұстаз», «Жәмила», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» секілді т.б. повестері мен «Ғасырдан да ұзақ күн» («Боранды бекет»), «Жан пиди» сияқты т.б. романдарында қилы-қилы

тағдырларды, қоғам өмірінің алуан түрлі мәселелерін шынайы шеберлікпен бейнелейді.

Халқымыздың ұлы қаламгері Мұхтар Әуезов кезінде жас Шыңғыс Айтматовтың алғашқы туындысы «Жәмила» повесі жайында «Литературная газетада» мақала жариялап, әдебиет әлеміне жаңа бір қуатты дарынның қосылғандығын тілге алып, ол жайлы өз ойын білдірген болатын.

Иә, Шыңғыс Айтматов өзінің рухани ұстазы - Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың сенімін абыроймен ақтап шықты. Сөйтіп қаламгер: «Әлемнің Айтматовы» дәрежесіне көтерідді.

Сендер танысқалы отырған «Ерте келген тырналар» повесінің негізінде, автордың өз көзімен көріп, куә болған жайлардан тамаша сырлар ұғасындар. Негізгі кейіпкері - Сұлтанмұрат өмірінің кейбір тұстарынан, қаламгердің балалық шағындағы бір жөн оқиғалар жайлы да мол мәліметтер аласындар,- деген мазмұнда кіріспе сабақ үлгісіндегі мәтін берілген. Оқытушы осы мәтінді оқушыларға түсінікті, жатық тілде түсіндіріп, кейбір мәтін қатарларын өмірмен ұштастырып баяндауы қажет. Кіріспе лекциядан соң балалардың үзінді әңгімеге деген қызығушылығы артады.

Үзінді мәтіні 5 - сынып оқушылары үшін біршама көбірек, сондықтан да оқулық авторлары оны екіге бөліп өтуді ескеріп, екінші бөлімге «Бұған соғыстан басқа ешкімді айыптай алмайсың» деген тақырып қойған. Үзінді әңгімені өту барысында оқулық соңындағы сұрақтар мен тапсырмаларға ерекше назар аударып, сабақты бекіту барысында:

1. Оқиға қай жылдары, қайда болған?
2. Шығарманы тұтас оқып шығындар.
3. Сұлтанмұрат қандай бала?
4. Шығармадағы қайсы кейіпкерлер саған қатты әсер етті?

Осы сұрақтарға оқушылардың өздеріне жауапты мәтннен таптырып оқыту жақсы нәтиже бермек.

«Өзбек әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, аса дарынды ақын - Ғафур Ғұлам, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ қаламгерлерінің тым жақын сыйласы болатын. Сол үшін де ол, туысқан өзбек халқының өмірін, тірлік-тыныстарын жан-жақты сипаттаумен бірге, қазақ-өзбек халықтарының достық қарым-қатынастарын ерекше серпінді әуенмен жырлады. Қазақ өміріне де батыл барып, оны өзінің поэзиялық, прозалық шығармаларында биікке көтере, барынша дәріптеді. Өзі де: - «Мен Қазақстанды көп уақыттан бері жақсы білемін. Жас кезімде Шымкент облысындағы Қаптанбекте біраз тұрғаным бар. Шымкент, Сайрам, Жамбыл, Түлкібаста әлденеше рет болдым. Қазақстанның астанасы Алматы (сол кездегі) қаласына оннан аса рет келіп кеттім», - дейді. Содан да болар, ол қазақ қаламгерлерімен, оның ішінде қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Сәбит Мұқановпен етене араласып, өмірінің соңғы сәттеріне дейін шын мәніндегі достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста бола жүріп, сырласа білді. Нәтижеде, қазақ-өзбек халықтарының дәстүрлі достығын, мызғымас бірлігін кеңінен жырлап, оны өз шығармаларының өрісті өзегі, арналы азығы етті. Бұл орайда оның «Түрксиб жолында» атты толғау өлеңімен «Түрксибді біз құрдық және құра алдық», «Қазақ даласының бір түп айдарлы кекілі» сияқты т.б. публицистикалық шығармаларын, Абай, Жамбыл, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов секілді ұлы тұлғаларға арнаған «Арнау» өлеңдерін атауға болады».

Осы негіздегі кіріспе сабақ үлгісі бойынша Ғафур Ғұламның шолу үлгісіндегі өмірі мен шығармашылығынан мәлімет берілгеннен кейін оқытушы ұлы өзбек ақыны Ғафур Ғұламның «Қазақ елінің ұлы тойына» өлеңін өту керек. Өлең мәтіні оқытушыға да, оқушыға да өте қолайлы баяндау үлгісінде берілген. Мәтінде; *-дей отырып, одан әрі:,-дейді де, онан соң қазақ өзбек халықтарының дәстүрлі достығын, тарихи тамырластығын:,-дей түседі де, қазақ қыз-келіншектерінің әсем бейнесін:,- деп, одан соң күн сәулелі Қазақстанның тамаша келбетін, мол табыстарын шынайы сезіммен былайша жырлайды,*

- деген әрбір ой орамынан кейінгі өлең қатарлары бөліп- бөліп берілген.

Сондай-ақ, өлең мәтінінде:

Мың жылдардың салтанаты,

Ұлы тойың құт болсын!

Жиырма бес жасқа толған!

Көркем бойың құт болсын!-

деген жыр жолдарына мұғалім анықтық кіргізуі керек. Ғафур Ғуламның «Қазақ елінің ұлы тойына» өлеңі 1945 жылы жазылған, осы жылы Қазақстан елі өзінің кеңес өкіметі қол астына кіруінің 25 жылдық тойын атап өткен. Қазақстан тарихында кеңес өкіметі құрамында «Қазақ автономиясы» 1920 жылы құрылғаны туралы дерек бар. Осы тойға ақын тарту ретінде «Қазақ елінің ұлы тойына» өлеңін арнаған. Өлеңдегі:

Кешегі шөл бүгін көл боп,

Бау-бақшасы майысты.

Бетпақ дала, жазира шөл,

Байлық толып қайысты.

Сәтті өмірге сақтап жатқан,

Алтын кенін ақтарды.

Ураны мен байлығы артқан

Ұлы Отан мақтанды.

Алтын, мұнай, көмір, темір

Барлық байлық сенде бар,

Менделеев тізімінің

Барлығы да кенде бар.

Қазақ жасы ен білімнің

Дариясына бойлады.

Шексіз сахра, алтын қазына,

Салтанатын тойлады-

деген қатарлардан қазақ елінің тамаша келбетін, мол табыстарын риясыз сезіммен ақтарыла жырлаған ақынның қазақ халқына, оның тамаша табыстарына деген жүрек төрінен шыққан кіршіксіз үні секілді. Ал,

Ер басына күн туғанда

Ерлігі мол батыр халық.

Тұтпар мініп ту алғанда,

Бірі мыңға татыр халық,-

деп қазақ халқының қаһармандық тарихынан да хабары бар екенін білдіріп дәріптейді. Осындай қазақ халқының сол кездегі табыстары мен ұлттық ерекшелігін байқататын өлең жолдарын оқытушы өлең мәтінінен үзінді үлгісінде екі-үш оқушыға оқытып, мәтіндік талдаулар жасаса сабақ мақсатына жетеді. Сонымен бірге мәтін соңында берілген:

Ақын өзбек-қазақ халықтары достығын қалай жырлаған?

Өлеңде қазақ халқының мол байлығын, ел табысын қалайша дәріптеген?

Ақын Сәбит Мұқановпен болған достық байланысы жайлы не айтады?

Қазақ қыз-келіншектерінің бейнесі қалай сипатталған?

деген сияқты сұрақтарға мұғалім оқушыларынан жауап алып сабақты қорытындылауы керек.

Сондай-ақ, 5 - сыныпта Өзбекстан халық ақыны, әрі Өзбекстан халық қаһарманы, Өзбекстан республикасы әнұранының авторы Абдулла Ариповтың «Қазақтар», «Ақын», «Көп болды ғой!..», «Күзгі көрініс» атты өлеңдері берілген. 5 - сынып оқушылары Өзбекстан республикасы әнұранының авторы Абдулла Ариповты жақсы біледі. Себебі мектептің әрбір бұрышында Өзбекстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қыстырылып қойылған. Осы көрнекілікте Өзбекстан республикасы әнұранының мәтінін Абдулла Арипов, музыкасын Мутал Бурханов шығарғаны жазып қойылған. Сонымен бірге күнделікті сабақ барысында оқушылар Өзбекстан және Қарақалпақстан республикаларының әнұранын орындайды. Бұл жағдай оқытушы жұмысын

жеңілдетіп, Абдулла Арипов шығармашылығын өтуде қолайдықтар жасайды. Арипов шығармашылығын Өзбекстан республикасы әнұранымен байларыстырып өту - мұғалімнен жаңаша талапшандықты талап ететін қызғылықты міндет. Ақын өлеңіндегі:

*Бастаулар бар гүл көмкерген өңірін,
Бастаулар бар аты шыққан ғаламға.
О қазағым, бірақ сенің көңілің,
Мөлдір екен, тұнық екен одан да!
Өнеріңнің гүлін таудан терейін,
Жұрт назары Алатаудан ауған ба?
О қазағым, бірақ сенің мерейің,
Асқақ екен, биік екен таудан да!*

*Сұлулығың досқа деген мейірің,
Жомарттығың, тарқамайтын мерекең,
О, қазағым, сенің дарқан пейілің,
Шетсіз, шексіз даладан да кең екен.*

*Бқыласың жалын болып лаулады,
Жазираңда әнің болып кезбекпін.
Қыран көңіл қазақтың қарт таулары,
Оттан ыстық, сәлемін ал өзбектің.*

*Достық деген ізгіліктің толқыны,
Достық бізді шақырады төріне,
Көкте ойнаған найзағайдың жарқылы,
Бір түседі қазақ-өзбек жеріне.*

*Тағдырымыз ұқсас біздің, ғажап бұл,
Ұқсас тағы жыршыл көңіл сұңқары.
Науаи жыры - аяулысы қазақтың,
Абай жыры - бар өзбектің іңкәрі.*

*Бір-бірімен сабақтасып, сән құрып,
Түп-түзу боп жатқанын айт жолдың да,
Қос халықты табыстырған мәңгілік,
Тағзым етем ұлы достық алдында!*

деген қатарлар қазақ-өзбек халықтарының ежелден етене жақын достығы «Қыран көңіл қазақтың қарт таулары, Оттан ыстық, сәлемін ал өзбектің», - деп ақын ақ жүрекпен, ағынан жарылып екі халықтың достығын сөз етсе, «Науаи жыры - аяулысы қазақтың, Абай жыры - бар өзбектің іңкәрі», - дер әдебиеттің достастығын паш етеді. Тіпті, «Көкте ойнаған найзағайдың жарқылы» қазақ пен өзбек жеріне бірдей түсетініне дейін жырға қосып, «қос халықты мәңгілік табыстырған ұлы достықтың алдында тағзым ететінін» ақындық шабыттпен әлемге жар салып паш етеді.

Осындай ақынның қазақ-өзбек халықтарының достық қарым-қатынасына деген жылы лебізге оралған ыстық ықыласын өлең мәтіні соңында берілген сұрақтар мен тапсырмаларды өткенде де, Ақын «Қазақтар» атты өлеңінде, екі халық достығын қалайша жырлаған? – деген сұрауға мәтіннен:

*...Қыран көңіл қазақтың қарт таулары,
Оттан ыстық, сәлемін ал өзбектің.
...Көкте ойнаған найзағайдың жарқылы,
Бір түседі қазақ-өзбек жеріне.
... Қос халықты табыстырған мәңгілік,
Тағзым етем ұлы достық алдында!-*

деген қатарлар мен ұштастырып, оқушылар дәптеріне жаздырып, өлеңді жаттап келуді үй тапсырмасына берілсе сабақ өзінің мақсатына жетеді.

Мұнан соң Өзбекстан халық қаһарманы Абдулла Ариповтың «Ақын», «Көп болды ғой!..», «Күзгі көрініс» атты өлеңдерін үйде мәнерлеп оқып келу үшін беруге болады.

6 - сыныпта туысқан халықтар әдебиеті айдарымен оқытылатын өзбек, түрікмен халықтарының ертегілері берілген. Бұлар «Қарбыздың үш шекілдеуігі» атты өзбек халқының және «Біреуге ор қазба - өзің түсерсің» атты түрікмен халқының ертегілері. Мұнан басқа да оқулықта қарақалпақ халқының ерлік дастаны «Қырық қыздан» және қырғыз елінің әлемге танылған әйгілі жыры «Манастан» үзінділер де берілген.

Оқулықтағы бұл шығармалардың туысқан халықтар әдебиеттерінің халық ауыз әдебиеті үлгілерінен сараланып берілгені байқалады. Оның себебі оқулықты құрастырушы авторлардың әдістемелік белгілі бір жүйеге негізделуінде. Оқулықтың бірінші тарауында негізінен қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерімен 6 - сынып оқушыларын жүйелі таныстыру мақсаты көзделген. Бұл оқытушыға туысқан халықтар әдебиеті айдарымен берілген жоғарыдағы шығармаларды қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерімен салыстырып өтуіне жақсы жағдай жасайды.

6 - сынып оқытушысы бұл шығармаларды оқулықтағы ізбе-іздікті сақтамай-ақ, берілген шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне қарай, екі ертегіні алдын, екі батырлар жырынан үзіндіні кейін өтсе орынды болады. Осы жағдайда мұғалім үш халық; өзбек, түрікмен және қазақ халық ертегілерін салыстырып, талдау жасап үш халық ертегілеріндегі ортақ сабақтастықты оқушыларына байқатып, келесі сабақтарда үш халықтың батырлар жырын салыстыра өтуге жағдай жасаған болар еді.

6 - сынып оқушылары ертегілер туралы біршама түсінікке ие екені белгілі, сонымен бірге, оқу жылының басында әдебиет сабағында «Аяз би»

ертегісі өтілгенде, ертегі жанрының өзіне тән ерекшеліктері мен түрлері туралы әдеби-теориялық білім көндікпесін алған. Әйтсе де, оқытушы ертегінің кейбір төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін шәкірттері жадына салуы артық болмайды.

Ертегілер эпостық жанрға жатады. Ертегілер дағдылы сөз, сөйлемдерден басталып, аяқталуыда солай дағдылы сөзбен тамамдалады. Ертегі жағымды қаһарманының тағдыры немен тынар екен деген көңілде отырғанда, ертегі оқиғасының жайма-шуақтанып қуанышпен аяқталуы оны майда үн, жылы лебізбен оқуды міндеттейді.

Ертегілердің осындай ортақ белгілері болғанымен, олардың мазмұнында, композициясында, образдарды саралауда өзгешеліктер бар. Ертегілердің сол өзіндік қасиеттері оқуда ескерілуі тиіс.

Ауыз әдебиетінің басқа жанрлары секілді, ертегілердің де өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, өзінше басталуы, аяқталуы болады.

Ертегі ауызша айтылған көркем әңгіме болғандықтан, оған әрбір ертектің айрықша мән береді, әңгімесін мәнерлеп айту, тыңдаушыны қызықтыра түсу жағын ойлайды, кейде ертектің әңгімесін:

Ерте-ерте, ерте екен,

Ешкі жүні бөрте екен,

Қырғауылы қызыл екен.

Құйрық - жүні ұзын екен,

Мұзға жығылған екен,

Сирағы сынған екен,-

деп, немесе:

Бар екен, жоқ екен,

Бөрі бақауыл екен

Түлкі жасауыл екен..-

деп тақпақтай жөнеледі. Осыдан әрі қарай негізгі әңгіме оқиғасына кіріседі. Ал кейде ертекшілер айтатын әңгімесіне бірден кіріседі, ертегіге қатысты басты кейіпкерлермен бірден таныстырады. Мысалы` «Баяғыда бір бай болыпты, оның үш баласы болыпты...» т.б. **Ертегілерде айтылатын оқиғаларды осы негізінде баяндау – ертегінің құрылысына тән басты ерекшелік болып табылады.**

Ертегінің оқиғасын тартымды етіп құру, бір әңгімеден, екінші әңгіме турдыру оны айтушы ертекшілердің шеберлігіне байланысты болады. Шынында ертегі айту еріккеннің ермегі емес, ол шығармашылық өнерді, асқан шеберлікті талап етеді. Неше түрлі ғажайып оқиғаларға құрылған ертегі-әңгімелерді жігін бұзбай өрістете айту, әрбір эпизодты арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, сюжетін қызғылықты етіп баяндау, ертегілердің әрбір кейіпкеріне лайықты мінездемелер беру, олардың бейнелерін, көз алдына елестетерліктей портреттерін жасау, әрқайсысының іс-әрекеттеріне қарай сөздік, тіл таба білу т.б. ертегі айтушыдан мол өнерді, шеберлікті талап етеді. Демек, ертегінің тартымды болу-болмауы оның айтушысына байланысты.

Осындай ертегілер Орталық Азия мен Қазақстанда жасайтын барлық туысқан халықтар әдебиетінде молынан ұшырасады және кейбір ертегілер бір-біріне ұқсас та келеді. Мұның бәрі ежелден тыныс-тіршілігі бір, салт-дәстүр, ғұрыптары жақын болған туысқан халықтар екендігінде.

Осындай ертегілер өзбек халқының ауыз әдебиетінде де молынан ұшырасады. Соның бірі өзбек халық ертегісі- «Қарбыздың үш шекілдеуігі».

«Қарбыздың үш шекілдеуігі» атты ертегіні өтуден алдын оқытушы кіріспе сөз үлгісінде Өзбек халқының ауыз әдебиетіне қысқаша шолу жасап төмендегідей деректерді қамтуы қажет:

Өзбек әдебиетінің ежелгі дәуірлерден басталатын ұзақ та қызықты тарихы бар, әсіресе халық ауыз әдебиеті мейлінше бай әрі түрлі жанрлы болып келеді.

Ауыз әдебиетінде өзбек халқының тұрмыс-салтына байланысты жырлар-наурыз өлеңдері, бесік жыры, үйлену салтына, көктемде егін егу, күзде егін жинау мерекелеріне байланысты айтылатын өлеңдер, сондай-ақ мақал-мәтелдер, ертегілер, лиро-эпостық және батырлар жыры кең орын алған.

Орта Азия мен Қазақстанда мекен еткен басқа да түркі тектес халықтар әдебиетінде де кездесетін батырлық эпостарды ерлік бейнелері өзбек фольклорында жеке-жеке дастан түрінде жырланған. Олар: біздің эрамызға дейінгі VI ғасырда Орта Азия халықтарының шетел басқыншыларына қарсы күресін басқарған, әйелдер арасынан шыққан қолбасшы Тұмар патшайым «Томарис» дастаны, Дари I (521-485 ж) патшаның әскерін барса келмес шөлде адастырып жіберіп, өз елін басқыншылардан қорғап қалған қойшы жігіт Шырақтың ғажайып ерлігін жырлаған «Шырақ» эпосы, ерлік пен махаббат тақырыбына арналған «Зарина және Стрпангия» дастаны т.б.

Мұғалімнің кіріспе сөзі, біріншіден, көлемі жағынан тұжырымды, мазмұны, тілі жөнінен тартымды болуы керек. Екіншіден, кіріспе сөз өтілетін шығармамен тікелей қабысып, тығыз байланысты болу қажет. Ендеше оқытушы сөз өтілетін «Қарбыздың үш шекілдеуігі» ертегісінің мазмұнын түсіндіруге кірісуі керек.

Тақырып: Қарбыздың үш шекілдеуігі

Жоспары:

1. Еңбекші кедей мен жаралы көкқұтан.
2. Көкқұтанның кедейге тартқан сыйы.
3. Ғаламат қарбыздың сыры.
4. Сараң бай мен көкқұтан.

Баяғыда бір кедей өмір сүріпті. Оның шамалы ғана жері болады. Ол күні-түні дем алмай, еңбек етіп, сол жерді кәдесіне жаратады.

Бірде көктем шыққан соң, кедей жер жырта бастайды. Аспанға көз тастап, ұшып бара жатқан көкқұтанды көреді. Көкқұтан жыртылған жерге жақындап келіп, қиқулап, төмен қарай құлдилап жөнеледі.

Шаруа оның қасына жүгіріп келіп, көкқұтанның қайырылған қанатын қарап, оны емдей бастайды. Ол жаралы құсты көп уақыт бағып күтеді. Ақыр соңында көкқұтанның жарасы жазылып, ұшып кетеді.

- Бұл құс ұзақ жасап, ешқандай бейнет көрмесін! - деп кедей оның соңынан қарап тұрады.

Келесі жылы көктемде кедей жерді жыртып болып оған тұқым себуге шығады, кенеттен баяғы өзі емдеген көкқұтан ұшып келіп, жерге қарбыздың үш шекілдеуігін тастап кетеді.

Кедей қарбыздың шекілдеуігін алып оны жерге себеді.

Бірнеше күннен кейін қарбыз өркен жайып, жасыл жапырақтары шығады, шашақтары тарап гүл жарады.

Кедей дамыл таппай еңбектенеді, дер кезінде оны түптеп, суарады. Оның өнімін жинайтын уақыты да елеусіз келіп қалады. Қарбыздың соншалық үлкен болып өсуі. Ондай қарбызды бұл өңірде ешқашан да көрмеген-ді. Кедей үш қарбызды сабағынан үзіп, үйіне алып келеді.

— Мұндай қарбызды маған жалғыз жеуге болмайды, - дейді ол.

Сөйтіп кедей өзінің бар туыстары мен өзі сияқты жарлы-жақыбай достарын қонаққа шақырады. Үйіне достары мен туыстары жиналады. Бұрын-соңды көрмеген қарбызға бәрі де қайран қалады.

Кедей қарбызды алып, турауға ыңғайланады, бірақ оған пышақты өткізе алмайды. Ол екінші қарбызды кесіп көрді - оған да пышақ өтпейді. Үшіншісі де осылай болады. Кедей де, келген меймандар да бұған таң-тамаша болады. Ақыр соңында ол қарбызға пышақты құлаштап кеп, бар пәрменімен түйрейді. Қарбыз

жарылып кетеді. Ал оның ішінде шекілдеуік пен қарбыз жұмсағының орнына алтын теңгелер болады. Теңгелер еденге сылдырлап сау ете түседі. Басқа екі қарбызда да осындай алтын болады.

Кедей қуанып, барлық алтынды алып, меймандарына таратып береді. Бұған риза болған меймандар қуана үйлеріне қайтады.

Кедей өсірген үш қарбыздың әрқайсысының сабағында он қарбыздан өседі. Ол қалған қарбыздарды жинап алып, оларды жарып, бір үйме алтын жинайды. Сол күннен бастап ол жақсы тұрмыс құрады.

Ал онымен көрші бір бай тұрады. Кедей көршісінің байып кеткенін көреді де, оның қалай байығанын білгісі келеді. Бай кедейге келіп:

- Сен қалай байып кеттің? Не істеп байыдың?- деп сұрайды.

Кедей оған жасырмай, болған жайдың бәрін баяндап береді.

«Шіркін, менің де осыншалық алтыным болса!» - деп армандаған сараң бай көкқұтан іздеп, дала кезеді.

Ал көкқұтан далада емін-еркін жайылып жүреді.

Бай жасырынып, бұғып оған жақындайды да, оңтайлы сәтте көкқұтанды аяғынан ұрады.

Көкқұтан қаңқылдап, жерге құлап түседі.

Бай жүгіріп барып оны ұстап алады да, үйіне алып келеді. Көкқұтанның аяғын байлап, оны емдей бастайды. Бірнеше күннен кейін көкқұтан жазылып, ұшып кетеді.

Бай көктемде далаға шығып, көкқұтанның ұшып келіп, оған ғажайып қарбыздың шекілдеуігін әкеп беруін асыға күтеді.

Ол осылай күнде далаға шығады, басын көтеріп, көкқұтан ұшып келе жатқан жоқ па екен деп, асыға аспанға қарайды.

Бірақ көкқұтан сол кеткеннен ұшты-күйлі келмей қояды.

Сараң өзінің үйіндей барлық істі ұмыт қалдырады. Ол ұзақ тосып жүреді, осыншалық жоғалып кеткені үшін көкқұтанды балағаттайды.

Ақыр соңында көкқұтан ұшып келеді де, байға қарбыздың үш шекілдеуігін лақтырады.

Бай қуаныштан қалшылдап кетеді. Ол шекілдеуікті алысымен-ақ, жерге отарғызады.

Көп кешікпей ол өсіп, үлкен-үлкен жапырақтар жая бастайды, жердің бетін өрлей ұзын жасыл сабақтар тарап, гүл жарады, кейіннен бұған қарбыздар өседі.

Қарбыздар піскен кезде бай өзінің жақын туыстарын қонаққа шақырады. Оның үйінде туыстарымен өзі сияқты әлді достары жиналады. Қарбызды пышақпен жарып қалғанда, ішіен бір ұя ара шыға келеді. Тіпті араның ірілігі жаңғақтай бар. Аралар ызындап ұшып байды да, оның туысқандарын да талап, шаға бастайды. Бәрінің де шекелері ісіп, көздерін жауып кетеді, еріндері дүрдиіп, бәрі де айқай-шуға басып жан-жаққа қашып кетеді.

1. Кедейдің бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар?
2. Ертегі мазмұнынан қандай ой қорытуға болады?
3. Ертегі мазмұнын өз сөздеріңмен баяндаңдар.
4. «Ертегі әлемінде» атты тақырыпта өз ойыңнан ертегі жазып көр.

Осы сұрақтарға ерекше назар аударып оқушылармен бірге машықтану алып барылуы керек.

Түрікмен халық ауыз әдебиеті де тамаша өлең, ертегі, аңыздарға бай. Ертегілер мен бірге «Жүсіп пен Зүлайха», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Шахсәнем мен Ғәріп», «Зухра мен Тахир», «Аслы мен Кәрім» сыяқты дастандар Орта Азияда жасаушы басқа да түркі халықтардың ауызекі шығармаларында да ұшырасады. Әсіресе, Гөрұғлы цикліндегі дастантардың көпшілігі қазақ, өзбек, азербайжан, қарақалпақ халықтарындағы осындай дастандардың варианттары мен өте үндес келеді.

Түрікмен халық ауыз әдебиетінің тамаша ертегілерінің бірі – «Біреуге ор қазба - өзің түсерсің» ертегісі. Ертгеінің толық мәтінін келтіріп өтеміз:

Тақырып: Біреуге ор қазба - өзің түсерсің

Баяғыда бір кедейдің баласы болыпты. Ол төрт жасқа жеткенде әкешесі өліп, жамағайындарының қолында қалыпты. Жетімнің көрген күні оңа ма, тамағы тойып ас ішпей, иіні жылтырап киім кимейді. Жұрттан қалғанды ішіп, қатқан нанды дария жағасына апарып, суға шылап жейді. Нанның суға түскен ұсағын бір жайын жеп, жетім балаға әбден үйренеді. Бала айыбы жетім демесең, ақылды, қайратты жігіт болыпты.

Күндердің күнінде бір дәулеті асқан бай базарда, шаршы топтың ортасында: «Қырық күн бағып, бір күн жұмыс істетемін, кім келіседі?»-деп жар салады. Мұны әлгі жігіт есітіп, байдың алдына келіпті.

- Егер қабылдасаңыз, мен сіздің жұмысыңызды істейін, - дейді.

- Бай жігітті үйіне ертіп әкеледі. Уәдесі бойынша қырық күн бағып, қырық бірінші күні бір өгіздің мүйізіне жіп байлайды да, жігітке жетелетіп, өзі алты түйе жетелеп жолға шығады. Бір жерлерге келгенде:

- Балам, мына өгізді бауыздап, терісін жыртпай мес қылып сой, - дейді. Жігіт өгізді сойып, терісін бай айтқандай мес қылып шығарады.

- Енді өзің осы терінің ішіне кір де, тесігі жоқ па екен, байқа, - дейді бай. Жігіт терінің ішіне кіреді. Бай терінің аузын байлап, домалатады да тастайды. Өзі түйелерін жетелеп, қашығырақ барып тұрады. Бұл тау Келезау деген биік таудың етегі екен. Тауда ет жейтін жыртқыш құстар көп екен. Біраздан кейін сол құстар келіп, өгіздің қан-жынын жеп, терісін көтеріп, тау басына алып кетіпті. Шың басына шыққан соң құстар теріні тесіпті. Тері ішінен шыққан жігіт жан-жағына қараса, таудың ұшар басында тұр екен дейді. Төңірегі толған өңкей асыл тастар. Төменде бай түйелерін шөгеріп, жоғары қарап тұр екен.

- Байеке, бұл не қылғаның? Енді мен қалай түсемін?-дейді жігіт.

- Қалай түсетініңді кейін айтамын, сен қазір сол тұрған жеріндегі асыл тастарды төмен қарай лақтыра бер, - дейді бай. Жігіт бай айтқанындай толып жатқан асыл тастарды жерге лақтыра береді. Бай бағалы тастарды түйелеріне артып алып, алды-артына қарамай бет алады.

- Байеке, енді қалай түсетінімді айтсайшы, - деп жалынады жігіт.

- Таудың үстінде, аяғыңның астында не бар екен? – деп сұрайды бай.

- Адамның сүйектерінен басқа ештеңе жоқ, - дейді жігіт.

- Сол сүйектер де сен сияқты жігіттер болатын. Ол тауға шыққан жан қайтып жерге түспек емес. Енді сен де сондай сүйек боласың, - дейді де бай түйелерін жетелеп кетіп қалады.

Шың басында жалғыз қалған жігіт не істерін білмей жан-жағына қарайды. Тұрған жерінен төмен секірсе, сөз жоқ, күл-талқаны шығады. Терең шатқалдың түбіне қараса көз ұшында жылтырап су көрінеді. «Тау басында құрт – құмырсқаға жем болғанша, осы өзенге түсіп өлейін», - дейді де, секіреді. Сөйтсе, баяғы таныс жайыны осы жерде күтіп жүр екен, жігітті қағып алып, аман-есен жағаға алып шығыпты.

Бір базарда баяғы бай тағы да жар шақырыпты. Жігіт киімдерін ауыстырып **киіп**, өңін өзгертіп байға келіпті. Бай мұны танымай тағы да қабылдапты. Қырық күннен соң баяғы жерде тағы да өгізді сойыпты.

- Терінің ішіне кір, шырағым, тесігі болмасын, байқа, - депті бай.

- Алдымен өзіңіз кіріп көрсетіңіз, байеке, - депті жігіт. – Мен кіруге қорқып тұрмын. Бұған ашуланған бай:

- Соқталдай жігіт терінің ішіне кіруге қорқа ма екен? – дейді де, өзі кіреді.

Осы кезде **жігіт** терінің аузын бүріп, тастай қылып байлап тастайды. Өзі қашығырақ барып тұрады. Біраздан кейін жыртықш құстар келіп, өгіздің қан - жынын жеп, терісін тау басына көтеріп әкетеді. Жігіт байдың өзінің

істегенін істеп, түйелерді жетелеп құздың астына келеді. Сәлден кейін құстар теріні тесіп, бай тысқа шығады.

- Әй, **жігіт**, бұл не қылғаның? – дейді.

- Байеке, өткен жолы мен де сол жерде тұрғанмын, бірақ таудан түсетін жер **таппадым**. Сен де анау тастарды жерге таста. Бай асыл тастарды жерге тастайды. Жігіт түйелерге бағалы тастарды әбден артып болған соң алды – артына қарамай жөнеле беріпті.

- Ең болмаса, түсетін жерді айтып кетсейші, - деп жалынады бай.

- «Біреуге ор қазба - өзің түсесің» деген мақал осы, - дейді де, жігіт түйелерін жетектеп, мейірімсіз байға қайырылып қарамастан кетіп қалады.

Ертегінің толық мәтінін келтіріп отырғанымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені оқулықта берілген мәтінде, біздің ойымызша, қателік кеткен сияқты, біз оны түзетіп беріп отырмыз. Біз мұны ертегіде берілген сөйлемдердің ішкі мағынасынан келіп шығып ұсынып отырмыз. Мысалы:

1. *«Жігіт киімдерін ауыстырып **келіп**, өңін өзгертіп байға келінті»* деген сөйлемдегі бірінші *«**келіп**»* сөзі *«**киіп**»* болуы керек, себебі бір сөйлемде екі рет *«**келіп**»* сөзі қолданылмаса керек.

2. *«Осы кезде **бала** терінің аузын бүріп, тастай қылып байлап тастайды»* деген және *«- Әй, **бала**, бұл не қылғаның? – дейді»* деген сөйлемдердегі *«**бала**»* сөзі *«**жігіт**»* болуы керек, себебі ертегі мәтінінің барлық жерінде *«**жігіт**»* болып қоланылып, тек екі жердегі сөйлемде ғана *«**бала**»* болып қолданылған. Және де;

3. *«- Байеке, өткен жолы мен де сол жерде тұрғанмын, бірақ таудан түсетін жер **таппадым**»* сөйлеміндегі *«**таппадым**»* сөзі *«**таптым**»* болса керек, себебі бұл құрмалас сөйлемнің құрамындағы алдыңғы жай сөйлем кейінгі жай сөйлемге қарама-қарсы мағынада қолданып тұрған сияқты. Сонымен бірге, көкейге; егер жігіт таудан түсетін жолды таппаса онда қазір қайдан пайда болып, сөйлеп тұр, - деген еріксіз ой келеді. Және мәтінде *«- Ең*

болмаса, түсетін жерді айтып кетсейші, - деп жалынады бай», - деген байдың сөзі де мұны мақұлдайтын сияқты.

Сондай-ақ ертегі мәтінінің соңындағы 2- сұрақ; «Ертегінің *мазмұны* өздерің бұрын оқыған ертегілермен ұқсастық бар ма?» - емес, ал «Ертегінің *мазмұнында* өздерің бұрын оқыған ертегілермен ұқсастық бар ма?» - түрінде болуы керек.

Мұндай кіші қате – кемшілік болып көрінетін ағаттықтар қазақ тілінің орфографиясы тұрғысынан қарағанымызда үлкен кешілі, себебі бұл оқушылардың ертеңгі күні әртүрлі жазба жұмыстар жазу барысында кесірін тигізбей тұрмайды. Сондықтан мұғалім оқулықтағы осы сияқты кемшіліктерді дер кезінде түзеп, шәкірттеріне дұрыс бағыт-бағдар беріп отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Ертегіні түсіндіріп, мәнерлеп оқытып болған соң, оның мазмұны мен идеясын оқушылар жадына сіңдіру мақсатында, әрі сабақты бекіту үшін оқытушы ертегі соңындағы сұрақтар мен тамсырмаларға айрықша мән беріп;

1. Жетім жігітке, дәулеті асқан байға сендер қандай баға бересіңдер?

2. Ертегінің мазмұнында өздерің бұрын оқыған ертегілермен ұқсастық бар ма?

3. «Біреуге ор қазба - өзің түсесің» деген мақалдың мән-мағынасына зер салыдар.

Осы мазмұндағы сұрақтарға оқушылармен сұрақ-жауап үлгісінде жұмыс алып барып, жауапты мәтіннен тапқызып оқытуы қажет.

Оқушылармен біргелікте ертегінің мына үлгідегі жоспарын жасау да жақсы нәтиже берер анық:

1. Жетім баланың ер жетуі.

2. Мейірімсіз байға жалданған жігіттің аянышты тағдыры.

3. Жайынның баланы құтқаруы.

4. Мейірімсіз байға қайта жалданған жігіт айласы.

Оқулықта мұнан басқа қарақалпақ халқының ерлік дастаны «Қырық қыз» дастанынан үзінді берілген. «Қырық қыз» - қарақалпақ халқының батырлық эпосы. Дастанның негізгі идеясы - туған елді шет елдік басқыншылардан азат ету, сыртқы жауға қарсы күрес, достық пен махаббатқа адалдық.

Дастанда қалмақ ханы Сұртайша мен қызылбас ханы Назирашаның жер қайысқан қалың қолы қарақалпақ елінің ежелгі қалалары Саркөп пен Хорезмге тұтқыйылдап шабуыл жасап, халқын қалай қырғынға ұшыратқаны, елін талағаны, зорлық, зомбылық көрсеткені зор шеберлікпен баяндалады.

Жырда Саркөп қаласының батыр қызы Гүләйім мен оның серіктері қырық қыздың жауға қарсы күрестегі жанкешті ерлігі баяндалады. Сондай-ақ Хорезм қаласының батыр жігіті Арыстанның шеттен келген басқыншыларға қарсы аяусыз күрестегі ерлік істері, ғажайып адамгершілік қасиеттері, достық пен махаббатқа адалдығы қаһармандық эпосқа тән жүйемен жырланады. Жалпы туған елін сыртқы жаудан қорғауға қатысқан халықтың батыр ұлдары мен қыздарының бірлескен күші, ынтымағы мен достастығы тартымды сюжеттер негізінде баяндалады.

Үзіндіні өту барысында мұғалім жырдың көпшілік бөлімі 7-8 буынды қайым өлең ұйқасы үлгісінде жазылғанын бір сәтте естен шығармай, оқушыларға мәтінді мәнерлеп өзі оқып беріп, осы талапты оқушылардың өздері оқығанда да талап етуі керек. Тақырыпты бекіту барысын үзіндідегі Сұртайша мен Гүләйімнің іс-қимылдарын, ерлік әрекеттерін суреттейтін тұстарын тапқызып, оқыту арқылы амалға асыруға болады. Мысалы: Жырда қалмақ ханы Сұртайшаға қарақалпақ қызы Гүләйімнің батырлық ерлігі қандай әрекеттерден көрінеді? – деген сұраққа Гүләйімнің батырлық ерлігін;

Қаһарланып бір кезде

Қайратын жинап алады.

Қан тілеген қалмаққа

*Қаймықпай қолын салады.
Табанын тіреп тап жылмай
Қапсыра белден алады.
Қалмақтың қайтып қайраты,
Басылды зәрлі айбаты,
Ыза боп тісін қайрайды;
Тілін де тістеп шайнайды...*

деген жолдардағы батырлық әрекеттерден байқалатынын тауып оқытумен бірге, қалмақ батыры Сұртайшаның да осал жау емес екендігін мына өлең қатарларын тауып оқыту арқылы оқушыларға салыстырмалы түрде түсіндіруге болады:

*Гүләймдей қызды көтеріп,
Қаңбақтай жұлып алады.
Достары қыздың қапалы,
Ашылмас қатқан қабағы
Сұртайшадай сұр қалмақ,
Әккі болған қу қалмақ
Көтеріп қолға алған соң
Гүләймдей батырды
Жерге атып ұрады.
Әлсіреп есі тансын деп,
Қайырып мойнын бұрады...*

Қырғыз елінің әлемге танылған әйгілі жыры «Манас» жырынан алынған үзіндіні түсіндіруден алдын төмендегі үлгіде кірісre сабақ түрін өткен орында:

Қырғыз халқының «Манас» жыры - мазмұн байлығы, көлемі мен көркемдік жыр кестесі жағынан да әлем халықтары әдебиетінің алтын қорынан ойып тұрып орын алатын батырлық эпос. Онда алып Манас батырдың дүниеге келгенінен бастап, бүкіл үрім-бұтағымен жалғасқан батырлық, ерлік дәстүр

қосыла жырланады. Эпос аса ауқымды көлем құрайды. Ол - тек қығыз халқының ғана емес, күллі түркі халықтарының тарихы мен салт дәстүрінен, рухани әлемінен мол мағлұмат беретін энциклопедия тектес мұра. Онда қазақ халқының тарихына қатысты оқиғалар да кеңнен қамтылып отырады, қазақ жырларымен сарындас тұстар да жетерлік. Манасшылар күнді-күнге, айды-айра қосып жырлайтын алып жырдың көркем табиғатына кезінде қазақтың ұлы ғалымдары Ш. Уәлиханов, М. Әуезовтер ерекше көңіл аударып, оның алғашқы зерттеушілері болған. Бүгін сіздермен осы «Манас» жырындағы Манастың алғашқы ерліктерін бейнелейтін ықшамдалған тарауын өтеміз деп оқытқышы оқушыларға: Манас туралын не білесіздер? Манас қанадай тұлға? т.б. деген сияқты сұрақтар беріп оның жауабын беруде шәкірттеріне өзі де жәрдемдесіп, әңгіме – сұхбатпен сабақты жалғастырса болады.

Манас пен Алпамыстың балалық шақтарында қандай ұқсастықтар бар?

Манастың адамгершілік, ерлік, батырлық мінездері қандай әрекеттерінен көрінеді? –деген сұраққа мәтіндегі мына өлең қатарларынан:

Манас шықты ұмтылып,

Қалмақтарға қой-қойлап.

Қой-қойласа қойған жоқ,

Ұрудан олар тойған жоқ,-

оның адамгершілігін, ал:

Жеті шоқпар жегенде,

Қыдыра жанға қарамай,

Қыраның соғыс көрсетті,

Қыршын жанын аямай.

Тепкілеуді көрсетті,

Тартынып және қала алмай,

Қуырған бидай түстеніп,

Екі көзі мұнартып,

*Қаһарын шаша тістеніп
Әрқайсысын бір тартып,
Шықырлап қасқа тістері,
Тісінен бөлек түстері,
Қасқара қарсы барыпты,-*

деген өлең қатарларынан Манастың ерлік іс-әрекеттерін байқатуға болады. Үй тапсырмасына оқулықтағы мәтін бойынша жырдың мазмұнын өз сөздерімен баяндауды тапсыру керек.

Қорыта келгенде, 5-6-сыныптардағы туысқан түркі тілдес халықтар әдебиеті материалдарын оқытудың өзіндік өзгешеліктері мол. Алдымен оларды оқытуда сол дәуір тынысын оқушыларға сездіру, сол халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық ой-сананың берілуін ұқтыру шарт. Туысқан халықтар әдебиетін оқыту арқылы біз жастарды халықтар достығына, өзге елдердің әдебиеті мен мәдениетін сүйуге, бағалап құрметтей білуге үйретеміз. Мұның қазіргі дәуірде танымдық та, тәрбиелі мән-мағынасы аса зор.

II ТАРАУ

7-8 сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқытудың тиімді жолдары

Әдебиетті мектепте оқыту әдістемесінің алдына қояр мақсаты - әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту, әдеби шығарманың тәрбиелік мәнін тиімді пайдалану, шәкірттерді өз бетімен көркем шығарманы оқуға қызығушылығын қалыптастырып, өз тарапынан ойланып-толғануға тәрбиелеу, таным әдісін үйрету.

Әдебиеттің адамтану, қоғамтанудағы қызметі – оқушылардың творчестволық ойлауы мен қабылетін жетілдіруге, ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгертуіне, жазушының эстетикалық мұраттары мен талғамын дұрыс танып, ұғына білуге бағытталады. Мектептегі оқу мен тәрбиенің өмірмен, өнімді еңбекпен байланысын нығайту әдебиет мұғаліміне үлкен міндет жүктейді. Методикалық шеберлік әдебиет сабақтарында оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастырады, олардың идеялық-саяси және моральдық-эстетикалық жақтан өсіп жетілуіне көмектеседі, олардың дұрыс ойлап-білу қабілетін жетілдіріп, тіл мәдениетін дамытады.

Әдеби методикалық мазмұн белгілеудегі басты мәселелердің біріне мұғалімнің әдебиет пәнін оқытуда қолданатын әдіс-амалдары, тәсілдері жатады.

Нақтылы бір материалды өтуде көздеген мақсат негізінен бір болғанмен, әрбір оқытушы бұл мақсатқа әр түрлі методикалық әдіс-амалдарды қолдану арқылы жетеді. Әдеби материалдың ерекшелігіне байланысты әрбір сабақтың өзіне тән тақырыбы, мақсаттары, құрал-жабдықтары, әдіс-амалдары, барысы, құрылысы, мазмұны т.б. болады. Демек, сабақта өтілетін материалдың өзгешелігіне қарай, оқушыларға берілетін білім-дағдылардың түріне қарай әр алуан құбылып, түрленіп отырады. Әрбір методиканың негізгі міндеті: мұғалім жұмыстарының

әдістері мен тәсілдерін принциптік жолмен негіздеп беру. Бұл әдебиетті оқыту методикасының басты мазмұны болып табылады. 7-8-сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқытуда осы әдіс-тәсілдер мен принциптерді әдебиет пәні оқытушысы бір сәт те естен шығармауға тиіс.

7-сыныпта Түрікмен әдебиетінің классигі Мақтымқұлы Пырағының бағдарламада «Тең емес» деп аталатын лирикасын өту көзделген. Бұл үшін оқытушы алдымен түрікмен халқы, оның географиялық жайласуы, Қазақстанның Маңғыстау және Қарақалпақстан Республикаларымен шекаралас екендігі туралы ықшам ақпарат берумен бірге түрікмен халқының әдебиеті, ақындары туралы да оқушылардың ұғымына сәйкес түсінік әңгіме жасауы керек. Мұны кіріспе әңгіме түрінде өткізіп, Түрікменстан жайында білетіндерін оқушылардың өздеріне айтқыза отырып, өзі толықтырып отырады.

Мақтымқұлының өмірі туралы мәлімет беріледі. Ақынның жасаған заманы, түрікмендердің бұл кезде Хиуа ханының қоластында болғандығы баяндалады да, ақынның өзге шығармалары туралы да айта кетудің артықтығы болмаса керек.

«Тең емес» деп өлең не үшін аталады?- деген сұраққа оқытушы оқушыларды қатынастыра отырып жауап береді. Мұнда өлеңдегі әрбір шумақтың «емес» болымсыз етістігіне бітіп отыратындығы, не үшін олай екендігі ескерілуі шарт. Өлеңнің тексі алдымен келістіріліп оқылады, ондағы кейбір оқушының түсінігіне ауырлау сөздерге түсінік беріледі. Мысалы «пайғамбардың хадисіне қылсаң кез» т.б. оқушылардың өз бетінше түсінуіне ауырлау соғуы да мүмкін.

Өлеңнің идеялық түйіні оның соңғы шумағында берілетінін айтып көрсетсе болады.

Мақтымқұлы, ішің толы намазға,

Көңіл баяу, жаңылысың және аз ба?

Адамдар бар, бас идірсең мыңқ етпес,

Адамдар бар, жеген асын төлемес.

Бұл қатарларды сыдырта оқып шықса, оқушылар өлеңде айтпақ болған ақынның ойын, ішкі-пікірін түсінбей қалуы мүмкін, сондықтан да оқытушы мұндағы әрбір сөзге ерекше тоқталып, түсіндіріп отырады. Мақтымқұлы өлеңінде дидактика аса көп. Бұның сол дәуір үшін маңызы да болған. Ұлы ақындар, ойшылдар халыққа ақыл айтуды, насихат беруді негізгі парызы санаған, дәстүрге айналдырған. Сондықтан да туысқан халықтар әдебиеті мысалындағы классик ақындар шығармаларының басым көпшілігінде дидактика басты орын алып отырады.

Лириканы оқытуда, алдымен оқытушы сабаққа әзірлік жасайды. Себебі лирика асығыстықты сүймейді, оны үстірт оқуға болмайды. Оқушының өлеңді тұшына тыңдауына, түсініп меңгеруіне, іштей жинақталуына мүмкіндік жасау қажет. «Лириканы оқыту кезінде «көрнекілік» делініп жүрген ақынның сөзі жазылған пластинкалар, артистердің оқығаны т.т. кейде көбірек қолданылса, оқушының ойын бөліп, оның шығарманы жақсы, терең ұғынуына кедергі келтіреді. Бұл жанрды оқытудағы басты шарт – ақынның сөз қолданысын, шеберлігін, өзекті ойын түсініп ұғыну, оқушыны шығарманың әсем сазына бөлеу, келістіріп оқу, проблемалы оқу т.б арқылы баланың бар ынта-ықыласын өтіліп отырған шығармаға аудару», - дейді методист Ә.Дайырова.

Лирика сабағын өтуде мына нәрселер мақсатта болуы керек:

-Қандай әдіс пен тәсілді қолдану керек?

- Басты назар неге аударылуы тиіс?

- Өтілетін тақырыпты қалай бастаған жөн?

-Оқу, қайталап оқу, басқа ақынның осы типтес өлеңдерімен жарыстыра, салыстыра оқу.

-Қойылатын сұрақтарды әзірлеу т.т.

Қарақалпақ халқының классик ақыны Бердақтың «Халық үшін» атты лирикасын оқытуда жоғарыда көрсетілгендерді басшылыққа алып отырса болады. Мұнда да мұғалім кіріспе әңгімемен сабақты бастайды, Бердақтың өмірі туралы оқушыларға баяндап береді. Өмірбаян өте ықшам, қысқа, оқушыны жалықтырып алмайтындай болуы жөн.

Алдымен өлең текстін оқып болғаннан соң, не үшін шығарма «Халық үшін» деп аталған, мұның мәні неде? –деген сұрақ ортаға тасталады. Оқушылар бұл сұраққа өз түсініктері бойынша әртүрлі сипатта жауаптар береді. Біреулері, өлеңде «халық үшін» деген сөз өте көп айтылады десе, енді бір тобы «өлеңде ақын халық үшін қызмет етуді айтады» деп жауап беруі ықтимал. Бұл жауаптардың ешбірін дұрыс емес деуге болмайды, оқушылар өз түсінігін батыл айтып, сабақта белсенділік көрсетіп отырғаны дұрыс. Өлеңде оқушыны ойландыратын қатарлар молынан ұшырайды

Мысалы,

Ойлы жігіт құмар келер білімге.

Сөздері де қона кетер көңілге.

Ақылсыздың айла-амалы тілінде,

Ақымақтар қызмет етпес халық үшін.

Немесе, тағы да мына қатарларға назар аударалық:

Бердімұрат. өзің де аңғар сөзіңді,

Соқпағыңнан байқа қалған ізіңді.

Пақырлардан бұрып кетпе жүзіңді,

Қызмет қыл момын шаруа қамы үшін.

Лириканың жеке компоненттерін таныту - әдебиет сабағындағы басты мәселе. Мұнда ең алдымен лириканың тақырыбы аталады. Мысалы, Бердақтың бұл өлеңі - әлеуметтік теңсіздік мәселесіне арналған, дидактикалық сарындағы өлең. Ақын өз өлеңінде дәуір пернесін дөп басқан, өз заманының көкейтесті сырын айқын таныта алған. Шығарманың

идеясы да осыған келіп саяды. Дәуір келбетін көрсете алмаған шығарма, оның ішінде лирика да көңілге қонбайды. Бердақтың «Халық үшін» өлеңінің биік идеясы оқушыларды қызықтыра да, құлшындыра да түсетіні осында.

Біздің негізгі мақсатымыз әдебиеттің жалпы методикалық мәселелерін баяндау емес. Тек қана мектептерде түркі тілдес туысқан халықтар әдебиетінен берілген материалдарды оқып үйрену жолдары мен әдістемелері болғандықтан, біз өзіміздің тақырыбымыз айналасында ғана сөз жүргіземіз.

7-сыныпта туысқан халықтар әдебиеті Айдары менен прозалық үлгідегі шығармалар да берілген, ол көрнекті өзбек жазушысы Нәсір Фазыловтың «Алып адам» әңгімесі берілген. Үзінді әңгімеге төмендегілей жоспар жасау қажет:

Жоспар:

1. Ойда жоқта кездескен адма.
2. Қажымұрат пен Қошқарбай
3. Алып адам Қажымұрат ауылында
4. Алып адамның Қажымұрат берген сыйы

Осы жоспар негізінде алдымен кіріспе әңгімн үлгісінде көрнекті өзбек жазушысы Нәсір Фазыловтың өмірі мен шығармашылығы жайлы баяндап, үзінді әңгіменің мазмұны түсіндіріледі.

Көрнекті өзбек жазушысы Нәсір Юлдашұлы Фазылов Оңтүстік Қазақстан обылысының Түркістан ауданындағы Керіз қыстағында туған. Сондағы өзбек орта мектебін бітіріп, 1949-1954 жылдары Ташкент университетінің филология факультетінде оқыды. Жоғары білім алғаннан кейін Ташкенттегі баспа, газет, журнал редакцияларында қызмет істеді. 1959 жылы алғаш әңгімелер жинағы жарық көрді. Ол бірнеше романдардың, повестердің, драмалық шығармалардың авторы.

Жазушының негізгі тақырыбы – мектеп оқушылары мен жастар өмірі, халықтар достығы.

Оның шығармалары көптеген ұлттардың тіліне аударылған. Қаламгердің «Жүрек әмірі» (1962), «Жасақшы бала» (1966), «Жазғытұрым» (1978), «Түркістан хикаялары» (1987) аталған кітаптары қазақ тілінде басылып шықты. Қазақшаға жетік жазушы ұлы Абайдың қарасөздерін, Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім», «Балуан Шолақ», «Бақташының баласы», Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», «Кездеспей кеткен бір бейне», Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды», Қалқаман Әбдіқадіровтың «Қажымұқан», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» роман, повестерін, Әбділда Тәжібаевтың «Той боларда», Шахмет Құсайыновтың «Нұрлы тас» пьесаларын өзбек тіліне аударды. Нәсір Фазылов қазақ әдебиетін өзбек оқырмандарына таныстырудағы аудармашылық еңбегі үшін Қазақстан Жазушылар одағының Сәбит Мұқанов атындағы әдеби сыйлығымен наградталды.

Үзінді әңгімені өту кезеңінде:

Оқиға қай кезде басталады?

Қорыққан балаға Қажымұқанмен кездесу қандай әсер қалдырды?

Қажымұраттың Қажымұқанды көргенін Қошқарбайға айтпауының себебі не?

Мектеп клубындағы тамаша, Қажымұқанның Қажымұратқа тартқан сыйы. Осы сияқты сұрақтар төңірегінде оқушылармен сұхбат құру жақсы әдіс болмақ.

8-сыныпта туысқан халықтар әдебиеті қырғыз халқының біртуар перзенті ақының Аалы Тоқамбаев шығармашылығымен басталады

Аалы Тоқамбаев (1904-1988) қырғыз профессионал әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі 1904 жылы қазіргі Кемин ауданына қарасты Қайыңды аулында дүниеге келген. Аалы жастайынан Жамаке деген молдадан дәріс

алған. 1919 жылдың аяқ шенінде Төлеген деген мұғалім баланың оқуға деген құштарлығын байқап Аалыны мектепке ақысыз қабылдайды. Бұдан кейінгі жылдары Ташкенттегі Түркістан Атқару комитетінің көмегімен интернатта оқиды. 1923—1927 жылда Орта Азия университетінің дайындау курсы бітіреді. 1927 жылы Ташкент қаласында тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрген. Аалы Тоқамбаевтың «Өз көзімменен», «Таң алдында», «Біз балапан кездерде», «Жараланған жүрек» өлеңдері мен әңгімелері, «Ант», «Токой қожайындары», «Тергеу жүріп жатыр», «Күннің шығуы» сияқты драмалық шығармалары бар.

Аалы Тоқамбаев көп жылдар бойы Қырғызстан Жазушылар одағының бастығы қызметін атқарған. «Таң алдында» романы үшін Тоқтағұл атындағы Мемлекеттік сыйлық берілген. Пушкин менен Лермонтовты, Гейне мен Шиллер, Низами мен Церетелиді, Абай мен Жамбылды Маяковский мен Маршактың жырларын қырғыз оқырмандарына тұңғыш таныстырған да Аалы Тоқамбаев.

Аалы Тоқамбаевтың «Қазақ халқына» атты өлеңі ежелден өрісте малы бір, тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрлері жақын қырғыз-қазақ халықтарының арасындағы достық, бауырмалдық қатынастарын суреттеуге арналған. Ақын өлеңнің әрбір шумағын: **Табақтасым, Сабақтасым, Дәрістесім, Өрістесім, Талаптасым, Қанаттасым, Түлектесім, Тілектесім, Базарласым, Ажарласым, Уақыттасым, Бақыттасым, Тебіндесім, Егіндесім, Тыныстасым, Туыстасым, ҚАЗАҒЫМ!** – деген ақындық риясыз көңілден шыққан егіз қатарлармен аяқтап отырады: Әсіресе жырдағы;

...Жыр дүлділі Жамбыл менен Абайды

Біздің қырғыз өз ақыны санайды.

Жыр көгінің сөнбейтұғын жұлдызы

Тоқтағұлды жатқа айтады ұл-қызың.

*Біздің тірлік мөлдіреген таза ағын,
Дәрістесім,
Өрістесім,
Қазағым!*

*Ұлық батыр - ортақ дұшпан күйінген,
Қызың сұлу - ортақ достар сүйінген.
Менің мұңым сенің мұңың қашанда
Сенің қайғың — менің қайғым, қашам ба?!
Бірге шеккен өткен өмір азабын
Талаптасым,
Қанаттасым,
Қазағым!,-*

деп Жамбыл мен Абайдың, Тоқтаұлдың жырларын екі елдің ұл-
қыздары жатқа айтатын әдебиеттер достығын сөз етсе, өлеңді;

*Туыс жүрек сол ырғақпен бір қақты.
Әндеріңді бірдей санап дауамен,
Әуеніңді бірге жұтам ауамен.
Екі жырдың бірін сен деп жазамын,
Уақыттасым,
Бақыттасым,
Қазағым!-*

деп екі елдің әдебиетіне қоса өнері де егіз екенін көркем пафоспен
жырға қосады. Аалы ақынның екі ел тағдырына, тарихына осылай ойлы
көзбен назар тастап жырлауын ұстаз өз оқушыларға екі елдің тарихи
сабақатстығынан мысалдар келтіріп өтуі керек. Ал үй тапсырмасына
осындай достық сарынымен күмбезделген жырды жаттап келуге бапсыру

қажет, бұны өлең соңындағы сұрақтар мен тапсырмалардан көрсетіледі болады.

Оқулықта сондай-ақ, өзбек халқының тамаша жыршы ақындары Ұйғын мен Міртемірдің өлеңдері берілген. Ұйғын (1905-1990), шын аты - Рахматолла Атақозиев 1905 жылы 11 ақпанда қазақ жеріндегі Марки аулында дүниеге келген. Ташкенттегі Педагогика білім орталығын және Самарқандағы Педакадемияның тіл-әдебиет факультетін бітірген. Ол педагогика техникумында оқытушы, республикалық журналдарда әдеби қызметкер болып істеген.

1929 жылы ақынның «Көктем қауышы» өлеңдер жинағы жарық көрген. Одан соң «Күн өлкесіне» (1936), «Екінші кітап» (1933), «Өлеңдер» (1936), «Махаббат» (1939), «Бригадир Кәрім» (1942), «Өзбекстан» (1943) өлеңдері терең символдық образ дәрежесіне көтерілген. Ол - өз аулының аумағынан шырқап шығып, әлем таныған дарынды ақын.

Сондай-ақ, өзбек әдебиеті поэзиясының баба діқаны аталған Міртемір 1910 жылы Түркістан қаласына жақын Икан аулында дүниеге келген. Әкесі діқан, шаруашылықпен шұғылданған адам екен. Міртемір алғаш аулындағы Асфандияр есімді ноғай молданың қолында, 1921 - 1923 жылдарда Ташкенттегі «Аманат» атты мектепте, 1925-1929 жылдарда Өзбек Ерлер білім орталығында оқиды. 1929 жылдан Самарқандағы Педагогика академиясына оқуға кіріп, бір уақыттың өзінде Юлдаш Охунбабаевтың жеке хатшысы болып істеген.

Шығармалары: «Су қызы», «Балық ауы», «Торғай», «Бұлт», «Ана тілім», «Мен сені», «Сені, балалығым, мен көрдім...», «Абай ата», «Жастық шақ» т.б. өлеңдері мен поэмалары жарық көрген. Ақын 1978 жылы 24 қаңтарда 68 жасында дүниеден өткен. Осындай үлгідегі кіріспе сабақты өтіп екі ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет берілгеннен соң, оқулықтағы Ұйғынның «Қыс», Міртемірдің «Сені, балалығым, мен

көрдiм» атты өлеңдерi мәнepлep оқылып, Абай поэзиясымен сабақтастыру керек. Мысалы Абайдың «Қыс» өлеңі мен Ұйғынның осы атас өлеңіндегі қыс көріністеріне қатысты суреттер бойынша салыстыру үлгісіндегі синхроникалық таблица жасауға болады.

Бұл салыстыру келесі тақырып боп есептелетін Міртемірдің «Абай ата» атты өлеңін өткенде де әдіскерлік ұтымдылықты пайда етеді.

Міртемір ақынның «Абай ата» өлеңі Алматыдағы Абай ескерткіші алдында жазылған. Ақын бұл өлеңінде қыран сияқты, «халқының зердесіне сөнбес шырақты жағып кеткен» ойлы көзімен қарап отырған ұлы Абайдың бейнесін сомдау арқылы, бүкіл қазақ халқының бүгінгі келбетін ағынан жарыла суреттейді. Әсіресе, жырдағы:

*Жердің жүзін, күннің көзін алып жатыр егісі,
Бір жағында тасқындайды қазба байлық, кен ісі.
Барлық жерге, гүл өмірге нұрын төккен арай күн,
Орындалып жатыр бүгін ақ арманы Абайдың.*

*Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,
Бүгін, міне, шықты қазақ өнер, білім шыңына.
Жеті қабат көк жүзінде ғарышқа да бойлады,
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары-*
деген қатарларда бүгінде ғарышқа қол жеткізіп тұрған күн сәулелі Қазақстанның кемел өмірі көз алдымызға келеді.

Міртемір ақын өлеңін:

*Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,
Жаңа күнді жырға бөлеп ойлы отырған сияқты,-*

деген қатарлар мен өлеңді қалай бастаған болса, солай аяқтайды.

Сабақты өту барысында оқытушы лириканы оқытудың негізгі принциптерін орындай отырып, «өлеңде Абай бейнесін қалай аңғаруға болады?»- деген сұрақты ортаға тастап, оған шәкірттерінен жауап алуға тырысуы керек.

XX ғасыр қарақалпақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан көрнекті ақын - Ибраһим Юсупов 1929 жылы 5 майда Шымбай қаласына жақын жердегі Азат аулында дүниеге келген. Ол 1949 жылы қарақалпақ әдебиеті бөлімінің бастығы, 1965-1980 жылдар аралығында Қарақалпақстан Жазушылар Одағының бастығы қызметін атқарады. Қарақалпақстан Республикасының халық ақыны Ибраһим Юсуповтың қарақалпақ, өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен және орыс тілдерінде 30 астам өлеңдері мен поэмалары жарық көрген. Атап айтқанда: «Бақыт лирикасы» (1955), «Күншығыс жолаушысына» (1959), «Ойлар» (1960), «Дала армандары» (1966), «Томарис және басқалар» (1974), «Тұзды самалдар» (1988). И. Юсупов «Халықтар достығы», «Ел-жұрт құрметі» ордендерімен марапатталған. Ол Қарақалпақстан Көркем өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік сыйлығының иегері.

Көрнекті ақын - Ибраһим Юсуповтың 8- сыныпта «Күншығыс жолаушысына» атты өлеңі берілген. Өлеңнің әрбір шумағына ерекше мән бере отырып түсіндіру керек, себебі өлеңде өрнектелетін табиғат оқушылардың өздері өсіп, ер жетіп келе жатқан туған жеріне қатысты.

*Өңірінде жайқалған жас қара тал
Амудария толқынынан нәр алып,-
Құбылысында шөккен нардай Қаратау,
Арқасында ақ сазанды Аралы,-
Өз еліңнің осы өңірін аралап,
Жүрегінде мәңгі сақтап кетуге,-
Күншығысқа сапар шеккен азамат,*

Асыға гөр біздің жаққа жетуге.

деген қатарлардан-ақ, оқушы көз алдына Қаратау, Амудария, Арал теңізі елестейді. Бұл жерлерге оқушылар жолы түсіп барған да, көрген де болуы мүмкін. Сондықтан өлеңнің осы екі шумағы оқылып, кідіріс жасалып, оқушыларға ой тастау үлгісінде туған жерге байланысты әртүрлі сұрақтар беруге болады. Ал,

*Көкпен келсең, ұиқыр сұңқар зымырап,
Аэропортқа жүйрік «ЗИМ»-дер сырғанар.
Жермен келсең, жолың –Чаржау- Қоңырат,
«Хош келдің!» деп бау-бақшалар ырғалар.
Бізде сөз бар: мейман - ырыс, берекет,
Қонақ күту-қызметі әр адамның.
Егер үйге бес күн мейман келмесе,
Шайы сіңбес менің байғұс анамның.
Тандыр жапқан жеңгейлер жүр ғаламат,
Рұқсат жоқ ауыз тимей өтуге,
Күншығысқа сапар шеккен азамат,
Асыға гөр біздің жаққа жетуге.*

деген қатарларда «мейман – ырыс, берекет» деп білген қалқарақалпақ халқы мен бірге жерінің, бау-бақшаларының да құшақ жая қарсы алуға әзір тұрған меймандостық бейнесі суреттелген.

*Бұнда достық салтына жан сүйінер,
Жатырқамай араласаң – көрерсің.
Әр ауылдан, әр диқанның үйінен
Өз үйіңнің жылы лебін сезерсің.*

деген өлең жолдарында Ибраһим шайырдың ыстық ілтипаты мен қарақалпақ халқының ыстық ықыласы сәулеленген.

Өлең соңындағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша Өлеңде тылсым табиғат көріністері қалай суреттелген? Ақын туған жер мен халқына деген сүйіспеншілікті өлеңде қалай байланыстырған? Деген сұрақтарға оқушылардан жауап алып үй тапсырмасына өлеңді мәнерлеп оқып келу тапсырылады.

Сабақтың тақырыбы: Мақтымқұлы Пырағының өмірі мен шығармашылығын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері

(7-сынып, бір сабақтық үлгі)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Түрікмен әдебиеті туралы түсінік. Түрікмен әдебиетінің классик ақыны Мақтымқұлы, ақынның өмірі, шығармашылығы туралы толық түсінік беру, «Тең емес» өлеңіндегі ақыл-насихат, өлеңнің идеялық мәнін түсіндіру; тіл ұстарту және пікірлеу қабылетін тереңдету.

Дамытушылық – Тек түрікмен әдебиетінде ғана емес, жалпы түркі халықтары әдебиетінде Мақтымқұлы шығармаларының алатын орнын ұғындыру.

Тәрбиелік – өлеңдегі негізі ой- адамгершілік, оқушыларға жақсылық пен жамандықты ақын қалайша шендестіргенін аңғарту, туралықты, адалдықты, әділдікті негізі мақсаты ете білуге баулу

Сабақтың түрі: жаңа материалды меңгеру сабағы.

Сабақтың мазмұны:

1. Мақтымқұлы Пырағы туралы сөз зергерлерінің пікірлері
2. Ақынның өмірі
3. Ақын шығармашылығы жайлы
4. «Тең емес» өлеңінің идеялық мазмұны

Сабақтың көрнекілігі: Ақын портреті, плакаттар, ақын шығармашылығына арналған сынып кітапханасы.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих.

Сабақтың барысы.

Мұғалім бүгінгі сабақтың мақсатын түсіндіреді, оқушыларға ақын өмірі мен шығармашылығы жайлы сұрақтар қояды.

1. Мақтымқұлы туралы не білесіңдер?
2. Ақынның өлеңдері қандай тақырыпта жазылған т.б.

Сабақта осы сияқты сұрақтар берілсе оқушының өзіндік пікірі мен белсенділігін байқау мен бірге оқытушының да жаңа сабақта қандай мәселелерге назар аударатындығына мүмкіндік туады.

Ақынның өмірі мен шығармашылығын сөз етуден алдын Кемине, М.Е.Салтыков-Щедрин және басқалардың естеліктерін оқытушы оқып береді:

«Мақтымқұлы ақындық аймақтың астығын толық орып кетті, біз содан қалған бірді-екілі масақты терушілер ғанамыз»

Кемине.

«Пырағы маған шығыстың Шиллері болып көрінеді. Мен оны Александр Сергеевичпен (Пушкин) қатар қоюдан қорықпаймын»

М.Е.Салтыков-Щедрин.

Оқытушы сөз зергерлерінің сөздерінен кейін ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған хроникалық таблицаны тақтаға іледі.

Жылдар	Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы деректер
1733 жыл	Қары - қала маңындағы Геркез ауылында туған.
1739 жыл	Алты жасында Хиуадағы Ширғазы ханның медіресесінде білім алған.
1750-1760 жылдарда	Иран шаһы, Хиуа ханы, Бұқара әмірі сияқты шет ел басқыншыларына қарсы өзінің отты өлеңін жазады. Бұған ақынның «Керекті», «Ер», «Болмаса», «Бақыт құсы» т.б. өлеңдері дәлел.

1760 жылдан кейін «Түрікмен», «Тең болмас», «Тау сапар», «Дүние өтіп барады» т.б. өлеңдерін жазды.

1772 жыл Қайтыс болады.

Кейін оқытушы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы қысқаша баяндап береді.

Түрікмен әдебиетінің классигі Мақтымқұлы Пырағының есімі шығыстың ұлы ақындары Фирдауси, Сағди, Низами, Науайлермен қатар тұрады. Оның ең жақсы деген өлеңдері жер жүзі поэзиясының озық үлгілерінің біріне айналған.

«Асқар таулар алыстаған сайын айқын көрінеді» демекші, Мақтымқұлы өлеңдері дәл бүгінгі таңда да өз өміршендігін жоғалтқан жоқ.

Мақтымқұлы 1733 жылы Қары-қала маңындағы Геркез ауылында дүниеге келген. Әкесі Довлетмемед Азады – тек түрікмен еліне емес, бүкіл Шығысқа аты кең тараған ойшыл ақын. Мақтымқұлы әексінен хат танып, ерте есейеді. Оның өмір сүрген тұсы – 18-ғасыр түрікмен халқы тарихындағы ауыр кезең болды. Жан-жақтан анталаған шетел басқыншылары қарапайым халықты берекетін қашырып, талан-таражға салады. Әсіресе, Иран шаһы Нәдірдің қанды жорығы елді орны толмас күйзеліске ұшыратты. Мақтымқұлының елді азаматтыққа, бірлікке, ынтымаққа шақырған отты жырлары, міне, осы кезеңде дүниеге келді.

Мақтымқұлы алты жасынан бастап ауыл мектебінен дәріс алған. Кейін оқуға төселіп, білімге қаныққан соң Хиуадағы Ширғазы ханның медіресесінде білімін жалғастырған. Қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ және де басқа ұлттардың білімпаз перзенттері сол медіресе қабырғасында табысып, халықтардың хал-жайын біліп, тұрмыс-тіршілігі жайында пікір алысқан.

Білер болдым енді ақ пен қараны,

Досты, қасты, өтірік, шын, жаланы.

Кітап ашып, дос қылдым не дананы,

Кетіп барам, хош бол, гөзел Ширғазы,-

деп үш жыл бойы дәріс алған пікірлестерін қимай қоштасады.

Мақтымқұлы – ақындығына қоса, айтулы зергер болған адам. Оның шеберханасы ешқашан да бос болмайды екен. Біреулер жүзік, білезік соқтырса, енді біреулері қайыстан қамшы өргізіп алады.

Ол өз шығармаларын кітап етіп шығару жолында қатты қиындықтарға душар болған. Оның қолжазбаларын оқып шыққан Хиуа қазылары: «Асқар таулар биікпін деп бәлсінбе, сен де бір күн жермен-жексен боларсың» деп өзіңнен биіктерге көз алартасың, дінге тіл тигізесің, өз әкеңді пайғамбарға теңейсің, бұл жарамайды, - деп қолжазбасын өзіне қайтарып, кітап шығару үшін қажет пәтуа-рұхсат бермей жібереді. Енді ол пәтуа алу үшін Бұқараға барады. Олар шайырдың шығармаларына таңтамаша қалып: - Бұндай ақылды сөздер сенен шығуы мүмкін емес, мұны кімнен ұрладың? Кітап сенікі емес, пәтуа бере алмаймыз,- деп кері қайтарады.

Өзінің көзі тірісінде осындай жағдайлармен кітабы жарық көрмеген Мақтымқұлы шығармалары қазір бүкіл адамзат баласының ортақ мұрасына айналды. Қазақ халқы да ақынмен ертеден таныс, өткен ғасырда оның өлең-жырлары қазақ тілінде жарық көрді.

Мақтымқұлы шайырдың өлеңдері ешқандай мәнін жоймайтын, қайта ғасырлар өткен сайын құлпыра түсетінін мақтанышпен айтуға толық хақымыз бар деп оқытушы өз сөзін аяқтап, Ақынның «Тең емес» өлеңін өтуге кіріседі.

Тақырыбы: «Тең емес».

Ақын «Тең емес» өлеңіне адамгершілік, ақыл мен параст, кейбір жаман қылықтарды сынап отыруы, барлық адамдардың бірдей, яғни тең еместігі адамгершілік көзқарастан қалыс суреттеледі. Мысалы:

Талайлар бар жігіттікке пәс болар,

Талайлар бар, өміріне тән емес.
Талайлар бар, жігіттікке пәс болар,
Талайлар бар, өміріне тән емес.

Мақтымқұлы, ішің толы намазға,
Көңіл баяу, жаңылысың және аз ба?
Адамдар бар, бас идірсең мыңқ етпес,
Адамдар бар, жеген асын төлемес...

Мәтін бойынша төмендегі машықтар амалға асырылады:

1. Өлең толық мәнерлеп оқылады (өлеңнен түсінгенін айтады).
2. Мақтымқұлы өлеңіндегі мағынасы күрделі сөздерді (пайғамбардың хадисі, жігіттікке пәс болу, т.б. мысал келтіру) табады.
3. «Тең емес» өлеңінің құрылысы мен ұйқасының өзгешелігі бойынша әдеби-теориялық жаттығулар алып барады.

Қысқсы, түрікмен поэзиясының ең биік шыңы, классик ақыны Мақтымқұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасағанда, ақынның негізгі ерекшеліктерін, ақындық дарыны мен сол дәуір шындығын соншалықты ақиқат шынайылықпен суреттеген ақын болғандығын оқушыларға танытуымыз қажет. Ол үшін методикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланумен қатар, оқушылардың өздерін іздендіруге жетерлі назар аудару, шығармаларының мәтінін мәнерлеп, дұрыс әрі түсініп оқу қажеттігі әбден байқалады. Оқытушы бұл үшін көп әрі тынбай ізденуі, Мақтымқұлы шығармаларын өзі де толық және терең игеріп алу керек.

«Ой түю» стратегиясы

Мақтымқұлының «Шырағым, шабыт деген тұс та бір, ұшып жүрген құс та бір. Оны қонған кезінде ғана ұстай аласың. Бір ұшып кетсе – қайтып қонуы қиын» деген пікірмен сабақ қорытындыланады.

Қорыта келгенде, 7-8-сыныптардағы туысқан түркі тілдес халықтар әдебиеті материалдарын оқытудың өзіндік өзгешеліктері мол. Алдымен

оларды оқытуда сол дәуір тынысын оқушыларға сездіру, сол халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық ой-сананың берілуін ұқтыру шарт. Туысқан халықтар әдебиетін оқыту арқылы біз жастарды халықтар достығына, өзге елдердің әдебиеті мен мәдениетін сүйуге де, бағалап құрметтей білуге де үйретеміз. Мұның қазіргі дәуірде танымдық та, тәрбиелі мән-маңызы аса зор.

Қорытынды

Әдебиет сабағы мектепте оқытылатын пәндердің арасындағы оқушының эстетикалық талғамын қалыптастырып, олардың сана сезімін, дүниеге көзқарастарын дамытатын сабақтар қатарынан орын алады. Жаңа мектеп реформасында да бұл пәннің оқытылуына ерекше көңіл бөлінген. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы сабақ өту бүгінгі күннің талабы десек, оны әдебиет сабақтарын өту барасында жүйелі түрде қолданып бару – қазіргі оқытушылардың да ең негізгі міндеті болып есептеледі. Әдістеме – яғни методика көп жылдық тәжірибеге, экспериментке негізделетіні мәлім. Сондықтан да ғылымның басқа түрлеріне қарағанда методика тез дамып, жетіліп отырады. Қазіргі заманның алдыңғы техникалық прогрестері бірінші рет методикада сыналады. Содан келіп әдістеме ғылымы өз өрісін кеңейтіп, заман талабына сай өзгеріп те, дамып та отырады.

Біз өзіміздің мамандық-бітіру жұмысымызда әдебиет пәнін оқытудың бұрыннан белгілі мәселелерін анықтаумен қатар заманға сәйкес бағдарламаларға жаңа тақырыптар енетіндігін, оларды мектеп оқушысына тиімді түсіндіру – оқытушыдан біраз дайындықты, ізденісті талап ететіндігін көрдік.

Туысқан халықтар әдебиеті қазақ мектептерінің әдебиет пәні сабақтарында жүйелі оқытылып, жан-жақты талданып келе жатқан негізгі тақырыптардың бірі екендігін айтып өттік. Әрине, туысқан түркі тілдес халықтар әдебиеті дегенде біз бағдарламаға енген тақырыптар арасынан көрші отырған, түркі тілдес халықтар әдебиетін, оның ішінде өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз әдебиеті материалдары мысалымен ғана шектелдік. Одан өзге «Әлем халықтары әдебиеті» жүйесінде оқытылатын шығармалар мен олардың авторларына тоқталған жоқпыз. Біздіңше, бұл өз алдына бір жұмысқа тақырып боларлық, өзіндік өзгешелігі бар мәселе.

Мектеп бағдарламасында әдебиет пәні екі жүйеде: әдебиеттік оқу, әдебиет тарихы курсы болып өтілетіндігін ескере отырып, мамандық жұмысымызды да осындай екі бөлімге бөліп қарастырдық. Негізінен, туысқан халықтардың классик ақындарының шығармаларын өту, талдау, оқытуға байланысты іске асырылатын жұмыстар көлемін баяндап өтумен шектелдік. Әлбетте, бағдарламадағы түркі халықтар әдебиетіне байланысты туындылардың көпшілігі поэзиялық туындылар болып келеді. Поэзиялық шығармаларды оқытудың өзге жанрдағы материалдарды оқытудан елеулі айырмашылығы бар болғандықтан, олардың әдістемелері де осы тұрғыдан яғни поэзиялық туындыларды оқыту тұрғысынан қарастырылы. Мысалы, Түрікмен әдебиеті бойынша Мақтымқұлы шығармашылығын өту барасында оқушыларды ақынның негізгі туындыларымен таныстыру, солар арқылы мектеп балаларына түрікмен әдебиетінен қарапайым үлгіде білім беру мақсат етілді. Мақтымқұлы өлеңдерін қарақалпақ әдебиетімен әсіресе, Бердақ өлеңдерімен салыстыра оқытудың тиімді жақтары көрсетілді. Сондай-ақ түркі халықтары әдебиеті классиктері шығармаларында әрбір өлеңнің не дастанның соңында автордың өзі хақында мәлімет беріп отыру салты бар екендігін, қазақ әдебиетінде мұндай дәстүр сирек кездесетінін көрсетіп өттік.

Әдебиетті оқытудың әдістемесі сан салалы. Оның әдістік түрлері де, формалары да көп. Шығарманы оқыту методикасында: тақырыптық шолу, кіріспе әңгіме, жанрын түсіндіру, идеялық-көркемдігін талдау, образдарды талдауға үйрету т.б. көптеген тәсілдер белгілі. Біз мамандық жұмысымызда мұның барлығын бірдей талдап шықтық деп айта алмаймыз, мұның қажеті де, мүмкіншілігі де жоқ. Әдістемелік әдістерден сол тақырыптың табиғатына сай келетіндерін, тиімділерін ғана алып көрсеттік.

Біз 5-8-сыныптарда туысқан халықтар әдебиетін оқыту мәселесі бойынша жазылған мамандық жұмысымызда төмендегі тұжырымдарға келдік: Туысқан түркі тілдес халықтар әдебиеті материалдарын оқытудың өзіндік методикасы, оқыту әдістемесі жасалуы керек; Түркі халықтар

әдебиетін терең үйренудің танымдық та, тәрбиелік те маңызы зор, бұл сабақтарда оқушыларды өзге халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, өмірімен, салт-санасымен т.б. ерекшеліктерімен таныстырамыз, жастардың бойына адамгершілік достық, гуманизм идеяларын сіңіре аламыз; Туысқан халықтар әдебиеті материалдарын оқытқанда, ол шығармаларды тақырыптас қазақ әдебиетіндегі шығармалармен салыстыра оқыту пайдалы; Мысалы, Бердақтың «Халық үшін» өлеңі мен Абайдың «Қалың елім, қазағым...» өлеңін салыстыра талдау; Туысқан халықтар әдебиеті материалдарын оқытуда жаңа педтехнологияны да тиімді пайдалану, оқушылардың өз бетінше ізденуіне жол көрсету; Туысқан халықтар әдебиетін оқытуда кластан тыс оқуға тапсырмалар беру, көркем әдебиеттер оқуды, көркем фильмдер көруді ұйымдастыру;

Қорыта айтқанда, әдебиет сабақтарында туысқан халықтар әдебиеті бойынша бағдарламада көрсетілген материалдарды ең тиімді әдістемелерді пайдалана отырып оқыту және оқушылардың сол тақырыпқа қызығушылығын арттыру бүгінгі күннің ең зәру мәселесі деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов И.А. Узбекистон ХХІ асрға интилмоқда. 1999 й.
 2. Қоңыратбаев Ө. У-УІІ кластарда әдебиетті оқыту методикаси. Аматы.1993.
 3. Көшімбаев А. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы. 1988.
 4. Ақшолоаков Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1990 ж
 5. Нұрмаханов Ж. Дайырова Ө. Орта мектепте лириканы оқыту. Алматы.1989
 6. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері (жинақ) Алматы.1987.
 7. Йулдошев Қ. Адабиет уқитишнинг илмий-назарий асослари. Тошкент.1998.
 8. Бітібаева Қ.Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы.2001.
 9. Жұмалиев Қ.Ақшолоаков Т.Сейданов Қ. Қазақ әдебиеті. 9 сыныпқа арналған. Ташкент.2006.
 10. Сейданов Қ., Нишанова Г. Әдебиет. 5 сыныпқа арналған. Ташкент.2011
 11. Абдувалидов т.б. Әдебиет. 6 сыныпқа арналған. Ташкент. 2005
 12. Қалдыбаев Т.,Аралбаев Қ. Әдебиет. 7 сыныпқа арналған. Ташкент.2005
 13. Абдувалидов т.б. Әдебиет. 8 сыныпқа арналған. Ташкент.2005
- Электрондық білім ресурстары
1. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)
 2. www. pedagog. uz
 3. www. Ziyonet. uz
 4. www. edu. uz
 5. [tdpu-INTRANET. Ped](#)